Тәуелсіздік – бәрінен қымбат!
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

Jetisý

● ЖЕТІСУ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ ●

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады ● **17 мамыр, сенбі, 2025 жыл №53 (19480)** ● www.7-su.kz Jetisu2002@mail.ru

✓ ҰЛТ ПЕРЗЕНТІ

ӘЛІМЖАНОВ ӘЛЕМІ

Дарқан даланың дара перзенттерін ұлы шығармаларына арқау етіп, «Ұстаздың оралуы», «Махамбеттің жебесі» секілді роман жазған, сол арқылы әл-Фараби мен Махамбет Өтемісұлының асқақ тұрпатын шеберлікпен сомдаған сырбаз жазушының туғанына биыл 95 жыл. Қаламын қару етіп елдік, ерлік тұрғысында бірегей туындылар өрнектеген һәм қоғамдық өмірде қайраткерлік іспен ізгілікті із қалдырған Әнуар Әлімжановтың мерейтойына орай айдынды Алакөл өңіріндегі Қабанбай ауылында «Әлемге әйгілі Әнуар» ғылыми-танымдық конференциясы өтті.

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ,
«Jetisý»

Рухани шара Әнуар Әлімжанов атындағы орталық саябағындағы жазушы ескерткішіне гүл шоқтарын қою рәсімінен бастау алды. Өз кезегінде зиялы қауым мен шара қонақтары Қабанбай ауылдық Мәдениет үйінде ашылған классиктің көрмесін тамашалады. Онда талантты жазушы, қоғам қайраткері Әнуар Әлімжановтың шығармалары, бұйымы мен киімі, жәдігерлері қойылған.

Тау тұлғаның мерейтойына арналған «Әлемге әйгілі Әнуар» ғылыми-танымдық конференциясын Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев ізгі тілегімен ашып берді. Ол әуелі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Құттықтау хатын оқыды. Өз кезегінде ұлы тұлға туралы толғанды, шырайлы шығармашылығы, қаламгерлігі мен қайраткерлігі жөнінде әңгімеледі.

«Егер І Петр Еуропаға терезе тескен болса, Әнуар Әлімжанов – Азияға айқара ашты», – деп Мұхтар Әуезов атап өткендей, адамзаттың тарихы мен қоғамдық өміріндегі мәселелерге мән берген, елі үшін еселі еңбек еткен классик жазушы құрметіне ұйымдастырылған конференцияда ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ұлықбек Есдәулет, Алматы облысының Құрметті азаматы ақын Әли Ысқабай, көрнекті ақын-жазушылар Кәкен Хамзин, Нұрдәулет Ақыш, Қуат Қайранбаевтар баяндама жасады.

(Конференция туралы толық мақаланы газетіміздің келесі санынан оқи аласыздар)

✓ ЖАЙДАРМАН

«БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР»

орталығы ашылды

Кәсіпкер Ләззат Шайғараева мен Раушангүл Оспанова Жаркент қаласында өз қаржыларына күніне 200 адамды қабылдайтын, зейнеткер қарттарға арналған «Белсенді ұзақ өмір» орталығын ашты.

Жаңа әлеуметтік орталықтың ашылу салтанатына аудан әкімі Марат Сағымбек қатысып, зейнеткерлердің бос уақытын көңілді, тиімді өткізуіне жағдай жасаған кәсіпкер келіншектерге алғысын айтып, жұмыстарына сәттілік тіледі. «Бұрын бірнеше мекемелерге жалға беріліп, тоза бастаған ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, айналасын абаттандырып, халыққа тегін қызмет көрсететін әлеуметтік орталық ашқан кәсіпкерлердің ісі көптеген табысты азаматтарға үлгі болады», – деді әкім ашылу салтанатындағы сөйлеген сөзінде. Осындай ақжарма алғысты Еңбек Ері Күләш Айтжанова, аудандық іскер әйелдер бірлестігінің төрайымы Сүриям Изимова сынды құрметті қариялар жаудырды.

Орталықты ашқан кәсіпкер келіншектер өз істерін ұтымды өрістетіп, халыққа қызмет көрсетуден толайым табыс тауып жүрген аса іскер жандар. Ләззат Нүсіпқызы көптен бері балабақша бизнесімен айналысып, ал Раушангүл Жамбылбайқызы болса жұмыссыз жүрген қыз-келіншектерді тігінші, шаштараз сияқты мамандықтарға оқытып, дайындайтын «Раушан» оқыту орталығын ашып, жақсы нәтижелерімен алғыс арқалап жүрген жандар.

Жаркент қаласында алғаш ашылған «Белсенді ұзақ өмір» орталығынан 10 адам жаңа жұмыс орнын тапты. Орталық іске қосылған сәттен бастап келушілер легі толастаған жоқ. Оларға орталық қызметшілері құрғақ ванна, багуа сауна, тұз шахтасы сияқты денсаулыққа пайдалы қызмет түрлерін көрсетеді. Сонымен қатар қариялардың теннис, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, нарды ойнап, жатығу залында спорт түрлерімен шұғылдануына мүмкіндіктері мол. Демалыс бөлмесінің төріне қонақ бөлмедегідей құрақ көрпе жайылып, жастықтар қойылып, өздері қалаған шай түрлерін ішіп отырып әңгіме-дүкен құруға, домбыра тартып, әндетуге де жағдай жасалған.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ
Панфилов ауданы

✓ ИНКЛЮЗИВТІ ЭТНОКӨРМЕ

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРДІ ПАШ ЕТТІ

Елімізде алғаш рет ұйымдастырылып отырған халықаралық инклюзивті этнокөрме – «Kazakhstan: Ethno-Inclusive Dialogue» Талдықорған қаласындағы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында өтті.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
«Jetisý»

Алдымен Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл бастаған топ көрмеге қатысушылардың өнімдерін тамашалап, қолөнер шеберлерімен танысты.

– Талдықорғанның осындай ерекше оқиғаның алаңына айналып отырғанын мақтан тұтамыз. Көрменің облыс пен қала үшін маңызы зор. Біз инклюзивті қоғамды дамытуға бағытталған бастамаларды қолдаймыз. Мұнда әр адам өзінің құндылығын сезінеді және өзінің әлеуетін жүзеге асыруға мүмкіндігі бар. Сондай-ақ, мұны ұлт тарихын терең түсініп, мәдениетімізді бағалап, келер ұрпаққа жеткізуге бағытталған үлкен шара деп білемін. Сондықтан, бұл сіздерге зор шабыт, үлкен сенім ұялататынына сенімдімін, – деді көпшілік алдында құттықтау сөз сөйлеген қала әкімі Ернат Бәзіл.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай ұйымдастырылған шара инклюзивті шеберлердің шығармашылық жетістіктерін паш етуге, әлеуетті сатып алушылар мен серіктестерді тартуға мүмкіндік берді. Бұған қоса тәжірибе алмасуға, кәсіби шеберлікті арттыруға, бәсекеге қабілеттілікті дамытуға, мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық және мәдени байланысты нығайтуға септігін тигізді.

Айта кетейік, көрме Жетісу облысы әкімдігінің қолдауымен өтті.

Шара барысында Ресей Федерациясының Забайкалье өңірі мен Саратов қалаларынан, Түркияның Анталия қаласынан, Өзбекстанның Ташкент, Наманган және өзге де аймақтарынан, сондай-ақ, Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген шеберлердің қолдан жасалған өнімдері көпшілік назарына ұсынылды. Көрме сөрелеріне былғары, күміс, ағаш, жүн және табиғи материалдардан жасалған бірегей әрі эксклюзивті бұйымдар қойылып, көпшілікті таңғалдырды.

Мейірім» ЖШҚ төрағасы Гүлвира Таубалдинова: *«Біз шығармашылықтың шегі жоқ екенін көрсетуге тырыстық. Мүмкіндігі шектеулі жандар жай ғана көрермен емес, мәдени диалогтың толыққанды қатысушылары. Көрме біздің оны ашық жариялау мүмкіндігімізге айналды. Біз жай ғана көрме емес, қарым-қатынас, шабыт және жаңа мүмкіндіктер үшін ашық алаң құруға тырыстық. Іс-шара кезінде көптеген қатысушы жаңа тұтынушылар мен серіктестер тапты»,* – деді.

Көрме кезінде тамашалаушы қонақтар тауарлар мен қызмет түрлерімен танысып қана қоймай, өнімдерді өз бағасында сатып алу мүмкіндігіне ие болды. Қатысушылар қатарында мүмкіндігі шектеулі жандар да болды. Олар ұсынған этностильде тігілген киімдер мен баскиімдер, сөмкелер, басқа да заттар жиналғандарды таң-тамаша етті.

Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы «Аңсаған» мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамдық бірлестігінің қолөнер шеберлері жасаған бұйымдар да назарға ілікті. Бақытгүл Райымбаеваның айтуынша, оның мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеп келе жатқанына 18 жыл болыпты. Ол жас шеберлерді өнерге баулып, киіз басу, сырмақ ою, кесте тігу, кілем жасау және ши тоқуға үйретеді. Өнімдер тапсырыс арқылы дайындалып, сатылымға шығарылады. Қызығушылық танытатын шетелдіктер де аз емес көрінеді.

Көрменің ерекше қонағы, сондай-ақ, Ресейдің Саратов қаласынан келген Елена Фролова болды. Ол осыдан 9 жыл бұрын инсульт алып, ұзақ уақыт оңалту кезеңінен өткен. Оң қолы толық қалпына келмесе де қолөнермен айналыса бастапты.

– Мен шығармашылықпен шұғылданғанды жақсы көремін. Онсыз өмірімді елестету мүмкін емес. Осындай ауқымды іс-шараға қатысу мен үшін үлкен мәртебе. Шақырылғаныма ризашылығым шексіз. Бәрі жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Мұнда қолдау да, достық та, өзара құрмет те бар, – деп ойымен бөлісті көрмеге қатысушы Елена Фролова.

Көрме кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, басқа да қызықты шаралар өтті. Ол алыстан ат терлетіп жеткен шебер иелеріне шабыт сыйлап, көрермендердің көңілін көтерді.

Талдықорған қаласы

Таза Қазақстан
Жалпыұлттық экологиялық акция

Облыс көлемінде бастау алған «Таза Қазақстан» акциясы нақты істермен жалғасуда. Осы бастама аясында облыс әкімінің орынбасары Марлен КӨЛБАЕВ аудан әкімдерінің орынбасарларымен арнайы жиын өткізіп, тазалық пен абаттандыру жұмыстарының жүйелі жүргізілуіне қатысты бірқатар тапсырмалар жүктеді.

ҚАТАҢ МІНДЕТ ЖҮКТЕЛДІ

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ,
«Jetisý»

Кездесу барысында әр елді мекеннің көркі тазалықпен тікелей байланысты екенін атап өтті. Аудан орталықтарынан бастап шалғай ауылдарға дейінгі аралықта санитарлық ахуалды жақсарту, көшелер мен саябақтарды күтіп ұстау күн тәртібіндегі маңызды мәселе екенін айтты.

Жолдардың сапасын арттыру, жарық желілерін қалпына келтіру, жаңа шам бағаналарын орнату қажеттігі де назардан тыс қалған жоқ. Сондай-ақ, балалардың ойын алаңдарына қойылатын қауіпсіздік талаптарын күшейту басты міндеттердің бірі ретінде белгіленді.

Қала ішіндегі аялдамаларда ілініп өңі кеткен, ескірген жарнамаларды жаңарту, арық жүйелерін тұрмыстық қалдықтан тазарту, жаяу жүргіншілер жолдарын нақты белгілермен қамту осы жиында қозғалған нақты тапсырмалар қатарында болды.

Табиғатқа жанашырлықпен қарау да назардан тыс қалмады. Қураған ағаштарды кесіп, орнына жас көшеттер отырғызу, қылқанжапырақты мен жапырақты ағаштарды жоспарға сай көгалдандыру – «Таза Қазақстан» аясындағы маңызды шаралардың бірі.

Тұрғындардан келіп түскен өтініштер мен шағымдарды Telegram-бот арқылы қабылдап, әрбіріне дер кезінде жауап беру – мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыруға бағытталған тиімді әдіс екені айтылды.

– Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай барлық ескерткіштер жаңартылып, тарихи мұралар жаңаша кейіпке енді. Бұдан бөлек, биыл 20-ға жуық көпқабатты тұрғын үйдің қасбеті жаңартылып, 40 үйдің шатырын жаңалау жоспарланып отыр. Ал аудандардағы жұмыстардың сапасын бақылау үшін арнайы мониторингтік топ құрылып, жүйелі қадағалау жүргізіледі, – деді Марлен Көлбаев.

Бұл бастамалар жай тапсырма ғана емес, туған өлкені түлету жолындағы нақты қадам. Өңірдің әрбір тұрғынының белсенділігі мен жауапкершілігі осындай ортақ іске серпін берері сөзсіз.

✓ ӨЗЕКТІ

БАР МӘСЕЛЕ ҚАРЖЫДА

Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыруға қатысқан «Нұр-Шапағат-Құрылыс» ЖШС компаниясы мемлекеттік органдармен дауласып қалды.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА,
«Jetisý»

Панфилов ауданындағы бес амбулаторияның құрылысы аяқталғанына қарамастан мердігерге 5 миллион теңге көлемінде айыппұл салынды. Атап айтқанда, «Нұр-Шапағат-Құрылыс» ЖШС «Жетісу облысының құрылыс басқармасы» ММ-нің Панфилов ауданындағы бес амбулаториясы құрылысына байланысты бірқатар міндеттемені орындаса да құрылысты келісілген мерзімде аяқтамаған. Объектілерді пайдалануға беру мерзімінің бұзылу себебі – тапсырыс беруші тарапынан қаржыландырудың болмауы.

Аудиторлық тексеру кезінде құрылыс мерзімінің бұзылғаны анықталған кезде уәкілетті орган – ішкі мемлекеттік аудит департаменті себептерін анықтамастан, мән-жайды терең зерттеместен жазалау шарасын қолданған. Содан кейін «Нұр-Шапағат-Құрылыс» ЖШС өз құқықтарын қорғау үшін «Атамекен» өңірлік палатасының көмегіне жүгінген. Сөйтіп, бұл мәселе кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің талқылауына шығарылды.

Отырыста аталмыш серіктестік өкілі Дәурен Сәбитов қаржыландырудың болмауына байланысты компания жұмысты тоқтатпау және құрылысты белгіленген мерзімде аяқтау үшін банктік несиелерді ресімдеуге мәжбүр болғанын атап өтті.

– 18 шілде мен 27 қараша аралығында шарт бойынша бізге жалпы соманың 41 пайызы ғана бөлінді. Қалған 59 пайызды біз төрт ай бойы ала алмадық, бірақ нысанды мерзімінде аяқтаймыз деп ойладық. 2024 жыл соңына дейін қаржының түсетініне мүлде сеніміміз болған жоқ. Осыған қарамастан жұмысты тоқтатқан жоқпыз және құрылысты мерзімінде аяқтау үшін қолдан келгеннің бәрін жасадық, – деді Дәурен Сәбитов.

Бизнес субъектісінің өтініші қаралған соң кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес осы мәселені шешуге жәрдемдесу үшін облыс прокуратурасына және облыс бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке материалдар жіберді. Сонымен бірге, облыстық кәсіпкерлер палатасы өтініш берушіге сот талқылауында құқықтық көмек көрсетеді.

✓ АЙ-ҚАП!

Ескертпелер ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАСЫН

Біз осы ескертпелерді неге ескермейміз? Болмайды дегенді неге болдыруға тырысамыз? Төтеншеліктер «Суға түсуге болмайды» деген белгі қояды һәм ауызша да ескерту жасайды. Бірақ ескеріп жатқандар аз. Баспа десе басамыз, аспа десе асамыз. Басқасын айтпағанда, «Ти десем тимейді, тиме десем тиедінің» кері әйтеуір. Санға көшейік... Былтыр ескертулерді пысқырмағандарға 42 айыппұл салыныпты. Ең өкініштісі, бұл көрсеткіштің 50 пайыздан астамы балаларды қараусыз қалдырғандарға тиесілі. Айдың-күннің аманында көкөрімдер көктей солып жатқанда жұрт әлі де балаларына алаңсыздық танытуда деген сөз.

Дастанбек САДЫҚ,
«Jetisý»

Жаз айы басталысымен қауіптің қарайып бой көрсететін әдеті. Оған себеп те көп. Жұрт күн ысығанда су-тоғанды жағалап әлек. Тыныңу маусымын тиімді өткізуге асық. Жан рахатын судан іздеген ағайын қауіпсіздікті ескерсе дейді жетісулық төтеншеліктер. Өйткені былтыр Қаратал ауданында балық аулауға барған әкелі-балалының шатырын жел көтеріп, суға жеткізген. Осылайша қайғылы жағдай орын алған. Бірер жыл бұрын Алакөл жағалауында да дәл осыған ұқсас жайт орын алды. Желдің ығуымен көлге лап берген шатырдан ішінде ұйықтап жатқан бала қаза тапты. Қарапайым қауіпсіздікті ескермеу қайғыға душар етуде. Жетісу облысы төтенше жағдай департаменті азаматтық қорғаныс басқармасы бастығының міндетін уақытша атқарушы Бағдат Тыныбекұлы қарапайым ережелерді сақтамаудың салдары тым ауыр соғып жүргенін жасырмады. Айтуынша, 2024 жылы облыс аумағында суға шомылу маусымында 5 қайғылы жағдай тіркелген. Арғы жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 16,6 пайызға төмен. Дейтұрғанмен тоқмейілсуге болмайды. Себебі, қайткенмен адам шығыны бар.

– Жетісу облысының аумағында 43 ірі су айдыны бар. Облыс әкімдігінің қаулысына сай 3 жаппай демалыс орны анықталған. Шомылу маусымындағы қауіпсіздікті және ережелерді түсіндіру жұмыстары қарқынды. Қазірдің өзінде 15 мың адам, оның ішінде 9 мыңнан аса балаға түсіндірме жүргізілді. Мұнан бөлек, шомылуға тыйым салатын 184 белгі орнаттық. Дейтұрғанмен, күннің қатты ысуына сай шомылу маусымы басталмаса да өзен-тоған жағалаған балалар көп. Оларға ескерту жасап, қайтарып жіберудеміз, – дейді Бағдат Тыныбекұлы.

Суға шомылу маусымы 1 маусымда ашылады. Әзірге жаппай суға түсуге Талдықорған қалалық жағажайына, Алакөл және Балқаш көлдерінің жағажайларына ғана рұқсат етілген. Дейтұрғанмен, осы тұста тағы бір мәселе қылаң береді. Суға шомылушыларға жеке өздерінің қарекетінен бөлек су техникалары да қатер төндіреді. Гидроцикл, моторлы қайық, үрлемелі жетекпен жүретін шарлар үлкен толқындар туындатады. Тіпті, өзге облыстарда су техникаларының адамдарға соқтығысу фактілері де орын алуда. Осындай қауіптерді сейілту мақсатында төтеншеліктер жергілікті әкімдіктермен бірлесіп жұмыс істеуге көшкен. Адам шомылатын аймақтарды оқшаулап, су техникаларының бұл маңға кірмеуін қадағалауды қолға алуда.

Бағдат Тыныбекұлының айтуынша, суға шомылу маусымында адам өміріне қауіп төндіретін бірден-бір жай ішімдік. Одан бөлек, балаларды қараусыз қалдыру да қатердің ауылын жақындатады екен. Сондықтан, көзі қарақты оқырман, суға шомылуда қарапайым ережені сақтау қажет. Өйткені, мемлекет үшін сіздің және отбасыңыздың әрбір мүшесінің өмірі құнды.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

Ердің ісін АТҚАРҒАН

Жұмысшы мамандықтар жылы еңбек адамына ерекше назар аударылуда. Осы орайда ер адам атқаратын істі таңдаған қыз туралы сөз қозғамақпыз. Кейіпкеріміздің бұл шешімі өзге де ару қыздарға үлгі болатыны анық.

Манура Сыдықова Текелі кәсіптік колледжін бітіріп, «Текелі энергокешені» ЖШС-де бақылау-өлшеу аспаптары және автоматика бойынша слесарь жұмысын атқарды. 2 жыл ішінде ол өзін жауапты қызметкер ретінде көрсете білді. Кәсіпорын басшылығы да оның еңбегін бағалайды. Манураның айтуынша, ол бала кезінен ер баланың ойыншықтарымен ойнағанды жақсы көріпті. Өсе келе электр құрылғыларына қызығушылығы оянған. Кейін мамандық таңдаған кезде слесарь болуды көздейді. Сөйтіп, «Текелі энергокешені» ЖШС-де өндірістік тәжірибеден өтіп, диплом алғаннан кейін осы кәсіпорынға оралады.

– Біз елімізде Манура сияқты жас мамандардың бар екенін мақтан тұтамыз. Олар мұндай маңызды салаларды үлкен жауапкершілікпен атқарады әрі дамытады. Оның таңдауы бүгінде өте дұрыс шешім деп санаймын. Бұл жұмысшы мамандықтары, сондай-ақ, өте бағалы әрі құрметке ие екенінің айқын дәлелі. Бүгінде осындай адамдардың өмір жолын кеңінен насихаттау өте маңызды. Өйткені, мұндай жандардың соңында еңбек, ұмтылыс және аймақ экономикасын өркендетуге қосқан үлесі жатыр, – дейді облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Дәурен Оңалбаев.

Осы уақытқа дейін ол өзінің мамандық таңдаудан қателеспегеніне қуанады. Өндірістік дағдыларын да одан әрі шыңдауға ниетті. Ерлер ұжымында өз орны бар және құрметке ие Манура Сыдықованың бүгінгі жұмысы бала күнгі арманды қалай сәтті іске асыруға болатынын аңғартады. Осыдан-ақ, жақсы маманның қай салада болсын әрдайым сұранысқа ие екенін байқаймыз. Ал техникалық мамандықтар өсу мен дамуға кең жол ашады.

А. БАЙЖҰМАҚЫЗЫ
Текелі қаласы

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

КІРІС КӨБЕЙДІ

2025 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ҚРҰБ басқаратын және міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті жарналар есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің салымшылардың шоттарына бөлінген 12 айдағы кірістілігі 11,99 пайызға жетті.

Соңғы 3 жылдық динамикадағы инвестициялық кіріс тұрақты өсім көрсетіп, зейнетақы активтерінің кірістілігі инфляция деңгейінен асып түсті. Инвестициялық кіріс мөлшері қаржы және валюта нарығындағы жағдайларға байланысты құбылып отырады. Инвестициялық кіріс мөлшеріне бірнеше факторлар әсер етті. Мәселен, қаржы нарығындағы жағдай: акциялардың, облигациялардың және басқа құралдардың бағасы құбылуы мүмкін, бұл инвестициялық кірістің мөлшеріне оң ықпал етеді. Жекелеген құралдарды нарықтық қайта бағалау нәтижесінде біз бағалы қағаздар құнының 1 жыл ішінде өзгеруін байқаймыз.

Инвестициялар шетел валютасымен байланысты болса, онда валюта бағамындағы өзгерістер инвестициялық кіріс мөлшеріне әсер етеді. Жоғарыда атап өткеніміздей, зейнетақы жинақтары қаржы құралдарына түрлі валютада инвестицияланған. Инвестициялық кірістің ауытқуы нарықтардағы, соның ішінде валюта нарығындағы құбылмалылықтың жоғарылауымен байланысты болуы мүмкін. Осының салдарынан апта сайын зейнетақы активтерін оң немесе теріс валюталық қайта бағалау қалыптасады, осыған байланысты салымшылар өздерінің жеке зейнетақы шоттарында инвестициялық табыстың өзгеруін байқайды.

Зейнетақы жинақтары – ұзақмерзімді инвестиция. Олар, ең алдымен, еңбек ету мерзімі аяқталғаннан кейін алатын зейнетақы төлемдерін қамтамасыз етуге бағытталған. Қордың зейнетақы активтері ұзақ инвестициялық көкжиекке ие және инвестициялаудың негізгі мақсаты – ұзақмерзімді кезеңде нақты табыс алу. Сондықтан оларды басқару нәтижелерін объективті бағалау үшін кем дегенде 1 жыл кезеңіндегі деректерді талдау қажет. Мұндай мерзім инвестициялардың тиімділігін ұзақмерзімді перспективада бағалауға мүмкіндік береді. Қысқамерзімді деректер көрсеткіш бола аламайды.

БЖЗҚ АҚ баспасөз орталығы

✓ ІССАПАР

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР АЗ, ҚАРҚЫН БАЯУ

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек ЖАҚАНБАЕВ Кербұлақ ауданына арнайы іссапармен барды. Салынып жатқан нысандарды аралап, мардымсыз жұмыс істеп жатқан мердігерлерді сынға алып, қатаң талап қойды. Биыл ауданда жыл соңына дейін 400 отбасына үй берілуі тиіс. Сонымен қатар, 20 медициналық нысан қолданысқа берілуі керек. Өкінішке қарай, құрылыс қажетті қарқынын жоғалтқан.

Медет ЖҰМАБАЙ,
«Jetisý»

Кербұлақтықтар ауыра қалған жағдайда емделетін емхана іздеп сабылып кетпеуі керек. Дер кезінде ауруханаға барғандары абзал. Осыны ойлаған басшылар тұрғындардың өзекті мәселесін шешу мақсатында аудан, ауылдарда амбулатория салу жұмысын қолға алған болатын. Биыл аудан халқы үшін 16 медициналық нысан салынып жатыр. Солардың бірі – Сарыбұлақ ауылдық округіне қарасты Қарағаш ауылындағы дәрігерлік амбулатория. Келесі айда ел игілігіне берілуі тиіс мекеменің құрылысы мүлде баяу. Ол жерде небары 6 адам ғана еңбек етуде. Жұмыс күшінің аздығынан істің өнбей жатқаны анық байқалады. Мердігер медициналық құрылғыларға тапсырыс та бермеген. Соған орай «Тунай строй проджект» ЖШС басшысы облыс әкімінің бірінші орынбасарынан ескерту алды. Әлібек Жақанбаев жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің үстінен тексеріс жүргізуге тапсырма беріп, құрылыстың сапасына мұқият назар аудару керектігін баса айтты.

Қарашоқы ауылына да барған облыс әкімінің бірінші орынбасары салынып жатқан фельдшерлік-акушерлік пунктті толықтай аралап шықты. Мұндағы жұмыстар да көңіл көншітпейді. Жоспардан да, межелі уақыттан да кешігіп жатыр. Әлібек Әскербекұлы: «Халыққа алғашқы медициналық қызмет көрсету мекемелерінің құрылысы сапалы әрі жылдам салынуы керек», – деп жауаптыларға бақылауды күшейту қажеттігін ескертті.

Іссапар әрмен қарай Сарыбастау ауылында жалғасты. Билік өкілі 2 ай бұрын қолданысқа берілген ФАП-пен танысты. Мұнда 4 медицина маманы қызмет етеді. 11 кабинет қарастырылған. Жалпы бұл ауылда 720 тұрғын бар.

– *Ғимараттың іші жылы, халыққа қызмет көрсетуге бар жағдай жасалған. Интернет те, компьютер де жақсы жұмыс істеп тұр. Мекеменің іші-сырты толығымен камерамен бақыланады,* – дейді Сарыбастау ауылының фельдшері Жазира Балтабаева.

Сапар аясында Кербұлақ ауданының орталығы Сарыөзекке ат басын бұрған жұмыс тобы ондағы құрылыс нысандарының жай-күйіне назар аударды. Орталықта 4 көпқабатты тұрғын үй бой көтеруде. Оның біреуі жақын арада қолданысқа берілмек. Бұл 60 пәтерлі тұрғын үйдің келбеті заманға сай, ішкі көрінісі де қаладағы үйлерден кем емес, керме төбелер, еденіне ламинат төселген. 1-ші маусымда тұрғындарға баспана кілттері табысталмақ. Ал қалған үшеуінің құрылысы қарқынды. Негізі қаланып, қабырғалары көтерілуде. Жауаптылардың мәліметінше, аталған ғимараттарды жыл соңына дейін халық игілігіне беру жоспарланған. Бірінші орынбасардың жұмыс барысына көңілі толды. Жауапты мердігер – «Реал-строй» ЖШС.

– *Көппәтерлі үй 1, 2 және 3 бөлмелі. 40, 60, 80 шаршыметр. Жалпы, сомасы 1,5 млрд. қаражат кетті. Бұл үй апатты үйлердің тұрғындарына арналып салынған. Сол жақта тұрған отбасылар осында көшірілетін болады,* – дейді «Реал-Строй» ЖШС директоры Қайнар Бақытбеков.

Қазіргі уақытта Кербұлақ ауданында 28 тұрғын үй апатты деп танылған. Яғни, 96 шаңырақ тозығы жеткен баспанада өмір сүруге мәжбүр. Әкімдіктегілер биыл бұл мәселе түбегейлі шешілетінін айтады. Әлібек Әскербекұлы, ең бастысы, халықтың әлеуметтік ахуалы екенін тағы да бір қаперге салды.

– *Апатты үйлер Ақсуда, Текеліде, Талдықорғанда, Кербұлақта болған. Қазіргі таңда Текелідегі апатты үйлер жабылды. Талдықорғанға қаражат бөлінді. Ақсуға қаражат бөлініп, жасалып жатыр. Кербұлақ ауданында да апатты үйлер болған. Облыс әкімінің тікелей тапсырмасымен апатты үйлер қолға алынып, халыққа жағдай жасалып жатыр,* – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев.

Бүгінде аймақтағы шалғай ауылдарда да жеке тұрғын үйлер салу бастамасы іске асуда. Қазір ауылды жерлерде 150-ге жуық баспана салынуда.

– *Тұжырымдама аясында ауданға 1 млрд. 192 млн. теңге бөлінген. Ол қаражат 55 үйді тұрғызуға жетеді. 144 үйге бюджетке өтінім беріп қойдық. Қазір 144 үйдің құрылысы басталды. 77 шаршыметр тұратын үйлер 3 бөлмеге бөлінген,* – дейді аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Бақыткелді Қабидолда.

Тұрғын үй құрылысы жоспарға сәйкес аяқталса, биыл аудандағы 375 отбасы қоныс тойын тойлайды. Жалпы, құрылыс сапасы мен мерзімі ұдайы бақылауда.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Әлібек Жақанбаев аудандағы ауызсу мәселесі қалай шешіліп жатқанын өз көзімен көрді. Құбыр тартып жатқан «Сапа Құрылыс» ЖШС өкілдерімен кездесіп, құрылыс қарқынын сұрады.

Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің басшысы Ербол Хасенов жоба құны 4,5 млрд. болатынын, қазір 31 шақырым құбырды ауыстырғанын, толық құбыр тартып біту үшін әлі 3,5 млрд. теңге ақша жетпейтінін баяндады. Сондай-ақ, жұмыс жағынан ешқандай ескерту жоғын атап өтті.

Облыс әкімінің бірініш орынбасары Қызылжар, Шаханай, Қоянкөз, Көксай, Байғазы, Қарымсақ, Алтынемел ауылдарына да барды. Ондағы құрылыс нысандарымен танысып, жауаптыларға тапсырма берді.

Кербұлақ ауданы

Суреттерді түсірген Жұмабай МҰСАБЕКОВ

✓ ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ НАЗАРЫНА

ОЙЫН АЛАҢЫ МА, ОЙЫНШЫҚ ПА?

Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ,
«Jetisý»

Талдықорған қаласының Қабылиса жырау, 215 мекенжайындағы балалар ойын алаңы бүгінде тұрғындардың наразылығына себеп болып отыр. 7 миллион теңгеге салынған бұл нысан қыс басталғанда ғана пайдалануға берілгенімен арада бірнеше ай өтпей жатып қайта жөндеуді талап етіп тұр. Тозығы жеткен сәкілер, қисайған қоршау, істен шыққан жарық шамдары мен сапасыз әткеншектер аумақтың жүдеу көрінісін әшкерелейді.

Тұрғындардың айтуынша, балаларға арналуы тиіс бұл алаңқай мердігерлердің «ойыншығына» айналған. Тапсырысты берген «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы». Ал жобаны алғашында қолға алған мердігердің жауапсыз әрекеті сотқа дейін жеткен. Соның салдарынан жұмысты «Арыстан» ЖШС жалғастырған. Алайда екінші мердігердің келуімен де жағдай түзелмеген.

– *Әткеншектердің астындағы бұрандалар босап кеткен. Көзге ұрып тұрады. Бір күні бала жарақат алмаса болғаны. Қазірдің өзінде қоқыс жәшігінің ішіндегі темір шелегі жоқ, ішін қалдық басып, шіріп жатыр. Ал орындықтарға келсек, мал қораның тақтайынан жасалғандай. Отыруға мүлде жарамсыз,* – дейді жергілікті тұрғын Жанат Оразбекова.

Оның пікірінше, бұл алаң балалар үшін емес, есеп үшін салынған. Жоба игерілгенімен нәтиже – көзбояушылық.

– *Мердігер ауысты, уәде көп, бірақ сапа жоқ. Ойын алаңында жарық шамы қарастырылмаған. Кеш түссе баламызды көрмей қаламыз. Тепе-теңдігін сақтай алмай сүрінген үлкен кісілер де бар. Бұл жағдайдың барлығы қауіпсіздік талаптарының сақталмағанын көрсетеді,* – дейді тағы бір тұрғын Бақыт Галиева.

Алаңның аянышты күйіне жауапты «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы» мекемесінің өкілі Рамиль Рахимбаев тұрғындардың шағымын мойындап отыр.

– *Қазір жұмысшыларға тиісті тапсырмалар берілді. Жаңып кеткен жарық шамдарына тапсырыс бердік. Орнатамыз. Қалған мәселелер де кезең-кезеңімен шешіледі,* – дейді ол.

Бірақ, ең қызығы, жұмысқа жауапты «Арыстан» ЖШС жетекшісі Роберт есімді азамат тұрғындар көтерген кемшіліктерге жауап беруден бас тартып отыр.

– *Қоршауға, қоқыс жәшігіне және орындықтарға біздің қатысымыз жоқ. Ол алдыңғы мердігердің жұмысы. Біз тек сырғанақ, әткеншек және резеңке төсеніш орнаттық,* – дейді ол.

Алайда, орнаттық деген сырғанақ ағашы жарылып кеткен. Оған жауапты мердігер оны өндіруші «Жетісу Құрылыс» компаниясына сілтеуде. Өндірістік кәсіпорын өкілі Бекжан Нұрғабылов болса:

– *Біз жарылған сырғанақ ағашына жауапты болғандықтан өзімізге тиісті жұмысқа кепілдеме береміз. Алдағы уақытта жөндейтін боламыз,* – дейді.

Бұл еліміздегі бір ғана ауланың мысалы емес. Мемлекеттік қаражатқа салынатын нысандардың сапасыз әрі немқұрайды атқарылуы жиі қайталанатын мәселе. Балалардың қауіпсіздігі мен тұрмыстық жайлылық екінші орынға ысырылып, мердігерлер мен тапсырыс берушілер арасындағы «жауапкершілік ойындары» жалғасып жатқандай.

Мемлекет тарапынан бөлінген әр теңге баланың амандығы мен болашағына бағытталуы тиіс. Ойын алаңы қадағалау мен бақылаудың әлсіздігін көрсетіп тұрған ашы шындықтың бір көрінісі.

7 миллион теңгеге салынған бұл алаң Талдықорғандағы мемлекеттік тапсырыстың қалай жүзеге асырылып жатқанын, бақылаудың жоқ екенін және салғырттықтың салдарын ашып бергендей.

Костанайдағы жерлестер

Әдетте жолға шықсаң көңілінде бір толқу туатыны анық. Ал еліміздің шығысынан терістігіндегі елді мекендерге іссапар жоспарланғаннан алағызу сезімі бірге туындады. Талдықорғаннан шығып, Қостанайға жеткенше 40 сағаттық сапарымда пойыз доңғалағының тарсыл-гүрсіліне «Бармаған жер, араласпаған ел, тілдеспеген орта, қалай қабылдар екен?!» деген сан сауал қосылып, жүрегімді күпті етті. Жетісудың кен өлкесі мен Сарыарқаның сайын даласы көз қарықтырып, алабұртқан бір сезімнің жетегінде қазақтың талай арысы туған Қостанай қаласына да жеттік.

Пойыз стансысынан Қостанай облыстық еңбек мобильділік орталығы директорының орынбасары Ерлан Қайратұлы деген азамат қарсы алды. Көкшетаудың тумасы болғандықтан да көркем мінезді жігіт болып сезілді маған. Астанадан өткен соң Қостанайға жеткенше пойыздағы сапарластарыммен тілімді бұрап сөйлескенімді ұмытып, таза қазақша пікірлесіп кеттік.

Қостанай тарихи ескерткіштерге бай қала екен. Өйткені, қазақ руханиятының көш басында тұратын Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Елдес Омаров, Әлжан Байқара, Мыржақып Дулатов, тағы да басқа ұлт зиялылары туған, өскен, еңбек еткен құтты мекен ғой. Сол зиялылық Қостанай қаласы мен елді мекендердегі тарихи ескерткіштерге құрметпен қарайтын ізгіліктерінен сезіледі.

Облыс орталығы мен елді мекендерде бір ғасыр немесе одан да бұрын салынған көпестердің үйлері сол қалпында сақталып, тарихи ескерткіш ретінде мемлекет қорғауына алыныпты. Оның көбінде бүгінде облыс әкімдігіне қарасты мемлекеттік және бюджеттік мекемелер орналасқан. Айталық, XIX ғасырдың соңында іргесі қаланған көпес Воищевтің үйіне Қостанай облыстық ардагерлер үйі, тағы бір көпестің үйіне А. Никифоров атындағы облыстық көркемсурет мектебі, XIX ғасырдың соңында салынған бұрынғы «Халық үйі» ғимаратына облыстық мәдениет басқармасы орналасыпты. XIX ғасырда тұрғызылған көпес Яушевтердің пассажы облыстық тарихи-өлкетану музейіне беріліпті. Айта берсек, бұл тізім ары қарай тізбектеліп кете береді. Бұл үлгі етуге татитын үлкен құндылық. Егер бұл үйлер жекеменшіктің қолында болса бүгінгі жағдайы қалай болар еді?! Есік-терезесі шағылып, кірпіші тасылып, орны омырайып, тағаны ғана қалар ма еді?! Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, үйренуге татитын құндылық. Осыны көргенде Талдықорған қаласы мен аудан, қалалардағы тарихи ғимараттарды сақтауда енжарлық танытқанымызды ойлап, жүрегім ауырды.

Тарихқа осылай терең сүйіспеншілікпен қарайтын қостанайлықтар Мемлекет басшысының тапсырмасымен қолға алынған жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін ерікті көші-қонмен Қостанайға көшіп барған азаматтар мен шетелден тарихи Отанына оралған қандастарға да ыстық құшағын ашып, жылы пейілін танытыпты.

Қостанайда мал жаятын, астық егетін жер көп. Өзге елдерден көшіп келіп, адал еңбегінің арқасында берекесін асырып, малдың басын көбейтіп жатқан қандастардың да қатары жыл сайын көбейіп келе жатыр екен. Олар отбасының жағдайын жақсартумен қатар облыс экономикасын еселеп, айналасындағы жерлестеріне де өнеге көрсете бастапты. Оның біразының жұмысымен таныстық. Айталық, Тәжікстаннан Түркістан облысына, одан ерікті қоныс аудару бойынша Қостанай облысының Алтынсарин ауданына көшіп келген Шүкір деген азамат аудандық білім бөлімінде жұмыс істейді. Үйінің қасынан қосымша 1 гектар жер алып, көкөніс-көктат егіп, қосымша табыс көзін тапқандардың санатына қосылған. Қостанай ауданы Константиновка деген ауылға қоныстанған Өзбекстаннан келген ағайындар асыл тұқымды, сүтті ешкілерді өсіруді қолға алып, ірімшіктің түр-түрін нарыққа шығарады. Олар мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз грандтқа құжат өткізіпті. Егер қаржы түсіп жатса ауқымды жұмысты қолға аламыз дейді. Өнімдері Қостанайдың базарында ғана емес, күллі Қазақстанда сұранысқа ие болады деген сенімде. Мұндай азаматтардың қатары жыл өткен сайын көбейіп келеді.

Қостанай облысына көшіп барған жетісулықтардың қатарында бүгінде егістікпен, мал шаруашылығымен, кәсіпкерлікпен айналысқандар жоқ екен. Жалпы 2023-2024 жылдары ерікті қоныс аудару бойынша Жетісу облысынан Қостанай облысының аудан, қалаларына 12 отбасы қоныстаныпты. Олардың бәрі мамандық бойынша жұмысқа орналасып, сол аймақтың әлеуметтік-экономикалық, білім, мәдениет саласын өркендетуге үлес қосуда. Айталық, Кербұлақ ауданынан көшіп барған Асхат Адамбаев Рудный қаласындағы «Трансремвагон» ЖШС-на, Талдықорған қаласынан көшкен Рамазан Көпжасаров «Рудненское ремонтное депо» ЖШС-на тұрақты жұмысқа тұрыпты. Текеліден көшкен Фарида Абуова Рудный қалалық ауруханасына, Талдықорғаннан көшкен Ұлпан Жүнісова қалалық №2 ауруханаға дәрігер болып орналасып, денсаулық сақтау саласында еңбек етуде. Ал Талдықорғаннан көшкен Дәурен Томатаев Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінде, Мирас Құлтанов қалалық №13 орта мектепте ұстаз болып, білім беру саласындағы жетістіктерімен көзге түсе бастапты. Басқалар да мамандық бойынша жұмыс атқаруда. Сол жерлестерімізбен кездесіп, жетісулықтардың сәлемін жеткізіп, қоныс құтты болсын айттық. Бітпей жатқан жұмыстары, орындалмай жатқан армандары жайлы сұрап, ұсыныстілектерін жазып алдық.

Солардың бірі – Текелі қаласынан көшіп барған Ардақ СЕЙІТҚАЛИЕВА:

– 2004 жылы Алматы қаласынан Текеліге келіп қоныстандық. Мектептен соң І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетін бітірдім. Жоғары оқу орнын тамамдаған соң Текелі қалалық №4 орта мектепте мұғалімдік жұмыс атқардым. Жұбайым Қарағандыда жұмыста, екі баламыз бар. Үлкені мектепте оқиды, кіші баламыз биыл 1-сыныпқа барады. Халқымызда: «Жүргенге жөргем ілінеді» деген сөз бар ғой. Бір жерде тұра бергенше мемлекет қолдау танытып жатқанда жас кезде басқа жақтарда жұмыс істеп, біліктілікті арттырғанымыз жөн. Өткен жылы қазан айында көшіп келдік. Қазір мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақыны толық алдық. Тұрғын үй алуға тиісті 4,5 млн. теңге сертификаты берілді. Мамыр айында үй сатып аламыз деген ойдамыз. Бүгінде арнайы қамқорлықты қажет ететін балаларды оңалтуға бағытталған мекемеде жұмыс істеймін, – дейді.

Қажет АНДАС
«Jetisý»

Ардақтың арманы – жанына жақын мұғалім мамандығы бойынша жұмысқа орналасу. Өткен жылы күз айында көшіп келгендіктен жұмыс табылмапты. Десе де бізбен бірге жүрген Қостанай облыстық еңбек мобильділік орталығының басшылары Ардақтың арманын орындауға көмек көрсететін болды. Осы мақаланы дайындап жатқанда Ардақпен тағы хабарластық. Ол тұрғын үй алуға қатысты құжат өткізіп, үйдің кілтін күтіп отырғанын жеткізді.

Тағы бір жерлесіміз Әділет ТАЛДЫБАЙҚЫЗЫ өзінің көшу себебін баяндады.

– Көшкенге дейін Текелі қаласындағы №8 мектепте мұғалім болып жұмыс істедім. Мектеп директоры Эльмира Сейдахметқызы жұмыс барысында болсын, кейін Қостанайға көшемін дегеннен кейін де қолдау көрсетті. Талай шәкірттерді тәрбиелеп, көптеген ата-ананың алғысына бөлендім. Осылай көшудегі себебім – үш ұлым бар. Үлкен ұлым Ғалымжан Рудныйда жұмыс істейді. Кенже ұлым Амандық Рудный қаласында электр мамандығы бойынша бітіріп, әскери міндетін өтеп қайтқан соң осында тұруды шешті. Сосын бәріміз әр жақта жүргенше бір жерге жиналайық дедік те көшуге бел будым. Ортаншы ұлым Асылжан Талдықорғанда әскери салада жұмыс істейтін. Ол ұлды да көшіріп алдық. Қазір орналасып, жәрдемақымызды алып, тұрғын үйлі болдық. Бала-шаға, немерелерімнің ортасында өмір сүріп жатырмын. Бірақ тұрғын үй Рудный қаласынан берілді де жұмыс қаладан 50 шақырым шалғайдағы ауылдан табылды, – дейді Әділет Талдыбайқызы.

Әділеттің де: «Рудный қаласындағы мектептердің бірінен жұмыс табылса» деген арманы бар. Өйткені «Бала-шағамызбен бір жерде тұрамыз» деген арманмен келіп, жұмыс үшін 50 шақырым шалғайдағы ауылда пәтер жалдап жалғыз тұру қисынға келмейді. Әділеттің өтінішін де тиісті мекеме басшыларына жеткіздік.

Әділеттің айтуынша, Қостанайдағы мектептерде математика, ағылшын тілі, физика, химия, биология пәндерінен сабақ беретін мұғалімдерге сұраныс көп екен. Сондықтан университетті бітірген жастар біліктілігін арттырып, өз мамандығын меңгермек болса мемлекеттік бағдарламаға қатысып, бағын сынап көруге мүмкіндік бар.

Жетісулық жерлестермен әңгіме барысында ескеруге тиісті біраз дүниені де бағамдадық. Ең алдымен, ерікті қоныс аударушылардың көбі көшуге шешім қабылдап, құжаттарын өткізгеннен кейін бірден тұрғылықты жеріндегі жұмысынан шығып кетеді. Ал тұрғын үй сертификатының мерзімі жарты жыл. Демек, жарты жылда тұрғын үйді сатып алып үлгеру керек. Сөйтіп тұрғын үйді сатып алу мақсатында құжаттарын өткізгенде соңғы жарты жылда зейнетақы төлемі болмағандықтан банк өтінімін қабылдамай тастайды. Қайтадан жұмысқа кіріп, зейнетақы салымы түсе бастағанша жарты жыл уақыт өте шығады да сертификаттың уақыты өтіп, 4,5 млн. теңге мөлшерінде мемлекеттен төленетін көмек қаражатты ала алмай қалады. Сондықтан ерікті қоныс аударушылар көшіп барған жеріне құжаттарын өткізіп, өтінімі қабылданып, тұрақты жұмысқа тұрғанша тұрғылықты жеріндегі жұмысынан шықпағаны жөн. Бұл жағындағы жеңілдіктер қарастырылғанын айта кеткеніміз жөн. Сонда ғана мемлекеттік бағдарламаның игілігін толық көріп, ары қарайғы тіршілікті реттей алады.

Сосын Қостанай облысында ерікті қоныс аударушылар болсын, қандастар болсын, көпбалалы отбасыларға мүмкіндіктер өте көп. Әсіресе, Қостанай облысының кейбір аудандарында мектеп жасындағы балалар азайып, мектептері жабылу алдында тұрған ауылдар бар. Егер осы ауылдарға көшіп келсе, жергілікті тұрғындар тарапынан бірнеше бас мал, оның екі жыл бойғы жемшөбі, отын-суы секілді қосымша көмек көрсетіледі. Мысалы, биыл Наурызым ауданының Шиелі ауылына көшіп барған бір қандасымыз мемлекет тарапынан тағайындалған жәрдемақыны алумен қатар, ауылдағылар тегін үй беріп, оны жөндеп, суын кіргізіп, ауласын реттеп, алдына мал салып, егін егетін жеріне дейін құжаттандырып беріпті. Қысқасы, бұл елден бауырмалдық пен жақындықтың белгісі әлі өше қоймаған.

Қостанай облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасынан алынған ақпаратта 700-ге жуық бос жұмыс орнының ақпараты көрсетілген. Оның ішінде барлық саланың мамандарына сұраныс бар. Ерікті қоныс аударушылар үшін бұл үлкен мүмкіндік. Мұнан бөлек, қостанайлық кәсіпкерлердің де сырттан еңбек күшін әкелу мақсатында жасап жатқан жақсылығы мол.

Фёдоров ауданындағы Камышный ауылдық округінің Камышный Чандак ауылындағы егін және асыл тұқымды мал өсірумен айналысатын «Тұрар» шаруа қожалығы жұмысшыларына арнап бір көше бойына қаз-қатар жаңа үйлер салып тастапты. Сыртқы көрінісі көз тартатын үйлердің іші заманауи жабдықтармен жабдықталған. Төсек-орын, көрпе-жастық, ыдыс-аяқ бәрі толық. Жұмысшылардың жалақысы жоғары, науқан кезінде орташа жалақы 1 млн. теңге көлемінде болады. Ал қыстағы айлық сәл азаяды десек те отын-суын, сорпа-қатығын шаруашылық береді. Қосымша егін егіп, мал өсіруге де мүмкіндік мол. Мұндай шаруа қожалықтар аудандарда да бар. Ең төменгі жалақысы 800 мың теңгеден басталады. Айта кетерлігі, осы шаруа қожалықтары егін мен малдың жайын білетін мамандарға зәру. Жоғарыда айтылған төлемдер мен баспана ерікті қоныс аударушыларға берілетін мемлекеттік көмектен тыс шаруа қожалықтары тарапынан жасалған жағдайлар. Яғни, жұмысқа тұрған қоныс аударушылар мемлекеттік бағдарлама аясындағы көмекті толық алады.

Түйін:

Қостанай облысында биыл 283,4 млрд. теңгеге 7 жобаны іске қосу және «озық технологиялар және сыртқы нарықтарға бағдарлану» талаптарына сәйкес келетін 3,4 мың жұмыс орнын құру жоспарлануда. Олардың ішіндегі ең маңыздысы 1500 жаңа жұмыс орны ашылатын «KIA» автомобиль зауыты мен 1000 жұмыс орны ашылатын ыстық брикеттелген темір зауыты. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Ақтөбе облысынан Қостанайға дейін тартылатын магистральді газ құбыры елді мекендерді көгілдір отынмен қамтып қана қоймай, инвестициялық жобалардың артуына септігін тигізбек. Десе де, міне, осындай, ауқымды жобаларды жүзеге асыруды көздеп отырған Қостанай облысы биыл 150 қандасты және еңбек күші артық өңірлерден 535 қоныс аударушыны қабылдау квотасын бекітіпті. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 400 адамға аз. Сәуір айына дейін бөлінген квота толығымен игеріліп біткен. Ал Қостанайға көшіп жатқан адам көп, көшуді ниет етіп жатқандар да баршылық. Есесіне, Қостанай облысы мен көрші Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарына бірнеше мың квота бөлінген.

Талдықорған – Қостанай – Талдықорған

☑ МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

БАНК қайырымдылық қоры емес...

БҮГІНГІЛЕРДІҢ шай үстіндегі әңгімесі де ақшаға келіп тіреледі. Бірі несие алудың жолдарын айтып күңкілдессе, енді бірі оны төлеудің машақаты туралы сыр шертісетін болды. Бірақ, ендігі жұрт несиесіз отыра алмайтын дәрежеге жетті. Ешкімге несиеге жолаушы болма деп айта алмайтының тағы ақиқат. Себебі, әркім өзіне қажеттісін несие алумен шешетінін жақсы білеміз. Бұл банктер үшін тиімді болғандықтан олар несиені оңды-солды оңай береді. Ал ақшаны қатты қажетсініп тұрған адам оның пайыздық үстемесіне қарамай-ақ тегін бергендей ала салады. Бірақ, мұның арты еш жақсылыққа апармайтыны анық.

Экономист мамандардың айтуынша, несие – ақша табудың жақсы тәсілі. Дегенмен, оны қайтаруды да ұмыт қалдырмаған жөн.

«Ана Гүлсім келіннің сөзін тыңдап, төбе шашың тік тұрады. Несие алмай-ақ күн көріп едік десем, онсыз болмайды, апа, «несие деген бүгінгілердің әке-шешесі ғой» дейді. Өй, қарағым, оның да қайтарымы бар емес пе десем, соның арқасында барлық керек-жарағымызды шешіп отырмыз ғой деп бой берер емес», – деп налыған апаны да көрдік.

Соңғы уақытта банк жүйесінде жаңа өнімдер көбейді. Ендігі таңда сіз банктен тек ақшалай емес, карточка аштырып та ойлаған дүниеңізге қол жеткізе аласыз. Дерек көзіне жүгінсек, ел ішінде ең жақсы банк деп бағаланған «Kaspi Bank» АҚ Қазақстан Республикасы екінші деңгейлі банктерінің арасында кредит портфелінің көлемі бойынша бірінші орынды иеленіпті. Ал, 2017 жылдың шілде айындағы мәлімет бойынша Kaspi экожүйесіне еліміздегі азық-түлік емес тауар айналымының шамамен 20 пайызы тиесілі екен. Бүгінде халықтың басым бөлігі бұл банктің ақшалай несиесін ғана емес, оның өнімін де пайдаланып келеді. 2017 жылдың маусым айындағы мәлімет бойынша Қазақстанның ірі 5 қаласында ай сайын 130 мың рет сауда жасайтын 115 мың карта ұстаушы бар екені анықталған. Бұл дегеніңіз, бүгінгілер киім мен азық-түлікті де несиеге алатын жағдайға жетіп отырғандығын көрсетеді. Несие алудан алдына жан салмайтын көршімнің айтқаны бар: «Енді нанды да несиеге алатын болдық».

Рас, қазір екінің бірі несиеге тәуелді. Неге? Бұл тұрғыда Әнуар есімді азаматтың пікіріне құлақ түріп көрдік. Ол несие алу деген экономикалық сауатсыздық деп топшылайды. Оның айтуынша, біздің нарыққа кіргенімізге жүз жыл бола қойған жоқ. Ал, ата-бабаларымыз төрт мың жыл нарықты шектеп келген, табалдырықтан аттатқызбаған. Бірақ, бәрібір тәуекел түбі желқайық деп нарыққа есігімізді айқара ашыппыз. Салдарынан, жиырма жыл болса да біз нарық туралы нақты түсінігімізді қалыптастыра алмағанымызды айтады. Негізінен ол нарықтың есігімізден аттап кіруін кемшілігіміз емес, артықшылығымыз деп қабылдау керек дегенді меңзейді. Себебі, әлемнің 70 пайызға жуығы осы нарық жүйесімен жүргендіктен, қатардан қалып қоймау да басты заңдылық. Осы жерде қаржылық сауаттылық деген дүние қылаң береді. Бүгінгі біздің қоғамда қаржылық сауаттылық та төмен. Неге десеңіз, біз осы уақытқа дейін коммунистік қоғамда өмір сүріп келдік. Ол қоғам ең алдымен мұралықты, адамдықты басты орынға шығарған. Нарықта экономикалық сауаттылық үстем тұрады. Яғни, бүгінгілер осы бағытта кез келген отбасымен жұмыс істеуі тиіс. Егер отбасындағы адамның экономикалық сауаттылығы әлсіз, жеткіліксіз болса, ол өзгелердің құрбанына айналады-мыс. Қаржылық сауаттылықты жетілдіруді отбасы-ошақ қасынан бастау жөн деуі де көңілге қонымды ма дейсің. Қалай десек те, нарықта түрлі ойыншылар көп. Олардың түпкі мүддесі пайда табуды көздейді. Ал саяси-экономикалық сауатсыздық жайлаған қоғам олардың баю мүмкіндігіне жол ашқандай ма, қалай?!

ЖОҒАРЫДА тілге тиек еткеніміздей, несие – ақша табудың жақсы тәсілі екені рас па? Бұл туралы экономика ғылымының докторы, профессор Г. Бегімбайқызы: *«Біздің бір қателігіміз, тауарлы ақша қатынасын дұрыс түсінбегенімізде», – дейді. – Оған жете көңіл бөлмедік, мойындамадық. Ақша яки тауар, тұтыну құны болсын нақты, дұрыс қолдануымызды қажет еді. Өткен ғасырдың әдебиетіне үңілсек: біздің балаларымыз тек қана қағаз жүзінде ғана оқиды. Ақша деген болмайды, барлығы өз қажетінше ала береді деуі тауарлы ақша қатынасын дұрыс қолданбағанымыздың, дағдарыс, экономиканың тоқырап қалуының бірден-бір себебі деуге болады.*

Қаржылық сауаттылыққа баланы балабақша жасынан үйрету қажет. Әр бала үстіне киетін киімнің қандай ақшаға келгенін, қандай еңбекпен табылғанын, оны қалай күтіп кию керектігіне дейін біліп өсуі заңды дер едім. Қаржылық сауаты жоғары бала өскенде ақшаға құнды дүние деп қарап, несие жайлы да өзіндік көзқарасы қалыптасары анық.

Өзіңізге белгілі, қазіргі қоғамда тұтынушылық несие мен ипотекалық несие кеңінен өріс алып тұр, ал адамдардың басым бөлігі тұтыну несиесіне көбірек жүгінеді. Мұның себебін ашып айтпасақ та түсінікті. Бірақ, маман ретінде несие, оның ішінде тұтынушылық несиені алудың тіпті де қажеті жоқ екенін баса айтқым келеді. Неге? Мәселен, 1 млн. теңге несие 50 пайызбен рәсімделген болса, онда жыл соңында 1,5 млн. теңге қайтару керек болады. Ал егер 3 жылға алсаңыз үстінен қайтаратын соманың өзі 1,5 млн. теңге болып шыға келеді. Ол қаражатты қаржы мекемесіне үстемелеп қайтарғаннан гөрі отбасыңыздың қажеттілігіне, бала-шағаңызға жұмсағаныңыз әлдеқайда тиімді емес пе?! Негізінде, несиені алу керек жағдайлар болады. Мәселен, егер сіз кәсібіңізді дөңгелету үшін алсаңыз, мол табыс көзін табу арқылы қарыздан құтылуға да мүмкіндік зор. Мұны маман ретінде айтқаныммен, кәсіпкерлер тарапы алғашқы қадамды несие алудан бастамаған жөн деген пікірде. Неге десек, алғашқы кәсіп банкротқа ұшырамасына кім кепіл?! Ендеше, тәуекел етудің де қажеті жоқ. Егер мемлекеттік қызметкер немесе жалақысы орта деңгейдегі жұмысшы болсаңыз, онда тәуекелге тіптен бармағаныңыз абзал.Себебі, тұтынушылық несиелердің пайызы жоғары болғандықтан, нәтижесінде қаржылық тұрақсыздыққа әкеліп соқтыруы әбден мүмкін.

Банктің негізгі көзі несие болғандықтан, халыққа несие алдыру үшін кез келген әрекетке баратыны сөзсіз. Түрлі жеңілдіктері, бонустары, төменгі пайыз деп жарқыратып көрсеткен жарнама қағаздары арқылы елдің санасын жаулап алады. Олардың басым бөлігі коммерциялық пайда табуды ғана көздейтіні де белгілі. Бар ойы қалайда несие алуды көксеген адам жоғары пайыздық үстememен алған несиесін артынша қайтара алмай, банк алдында берешек болып жүргені де жасырын емес. Осы тұста басты айтар мәселе, қазақтың басым бөлігі несиені той жасау үшін алатындығы. Әлбетте, алсын. Бірақ, алмақтың да салмағы болатынын естен шығармасақ екен», – дейді.

Шынында, несие – той өткізудің бірден бір қаржы құралына айналғалы қашан? Банктен қыруар қаржы алып, артынша төлей алмай жылап, сықтап жүргендер санын саусақпен санай алмайсың?! Мәселен, осыдан бірнеше жыл бұрын шетелдік банктердің қазақстандықтардың үйлену тойына жұмсалатын қаржысы туралы зерттеу жүргізгені естеріңізде болар. Сол кездегі есептеу көрсеткіші бойынша орташа есеппен бір тойға 2 миллион теңгеден астам қаржы жұмсайтыны анықтаған еді. Бұл тұста экономистер де қазақстандықтарға той өткізуді доғару қажеттігін ескерткен-ді. Қалай дегенмен, әр адам банктің қайрымдылық қоры емес екенін есте ұстаған жөн бе дейсің?!

НЕСИЕ жайында ой өрбіткен экономика ғылымдарының докторы осы күнге дейін несие алып көрмегенін, тіпті жүгінбейтінін айтады. Оның сөзінше, адам өз тапқан қаржысына сеніп, соның айналасында ғана тіршілік жасауы абзал. «Біруден қарыз алып, берешек болғанша, азды қанағат еткен дұрыс», – дейді ол.

Ал мамандар несие алмас бұрын әр банкке кіріп, танысу абзал екенін айтады. Сонымен қатар жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеменің қандай екенін аңғару да маңызды. Ең бастысы, көшедегі жарнамада көрсетілген пайыз сандарына сеніп қалмаған дұрыс. Бар мәліметті қаржы менеджерінен тәптіштеп сұраған жөн.

Қазақта: «Көтере алмайтын шоқпарды беліне байлама» деген сөз бар. Несие рәсімдеудің алдында қаржылық мүмкіндіктерді саралап, салмақтап алу аса қажет. Несие түсінігі біздің елге жаңаданумен бірге жетті дейміз. Алайда, біз несиенің тиімді, тиімсіз жағын неге ашып айта алмаймыз? Кей мамандар мұны да қаржылық сауаттылығымыздың кемшін екендігімен түсіндіреді. Сонымен қатар, қаржылық сауаттылықтың жоқтығы қаржылық күйреуге әкеп тірейтінін де ескере бермейміз. Мәселен, банк сізге 1 миллион теңге несие берді делік. Ал сіз ешқандай жоспарсыз, мақсатсыз ол ақшаны алып аласыз. Бірақ, қайтарар уақытысында оны қалай төлеймін деп бас қатырасыз. Бұл таза қаржылық күйреуге әкеп тірейді. Ал қаржылық күйреу отбасылық күйреуге алып келеді. Бір емес, мың отбасының күйреуі қоғамдық наразылыққа алып келетінін ескере бермейтініміз өкінішті.

Байқап қарасаңыз, қай банктің болмасын жарнамасы айқайлап тұр. Оқысаңыз, бәрі де шетінен халыққа жаны ашығыш болып көрінеді. Мәселен, «Сіз үшін тағы не істей аламыз?» деген «Kaspi Bank» жарнамасын алайық. Құдды бір қайтарымсыз ақша беретіндей, бұған кәдуілгідей ойланып қалатынымызды несіне жасырайық. Алайда, бұл банк те үстемесі ең жоғарғылардың санатынан екенін ескере бермейміз. Ал, несие алуға мұқтаж адам үшін 17-18 пайыз деген түк емес болып көрінгенімен, артынша банктерге деген өкпесін айтып жатады. Аузы күйген халық үрлеп ішеді, аузы майланған банк жеңін түріп ішеді деген осындайда айтылса керек-ті.

Қазіргі таңда, несие беретін екінші деңгейлі банктерден бөлек, компаниялық құрылымдар да бой көрсете бастады. Солардың бірі – «Жылдам ақша жүйесі». Бұл компанияның жұмыс жасағанына көп бола қоймаса да қазіргі таңда әр қаладан өз бөлімшелерін ашып үлгерген. Жиырма минут ішінде кепілдіксіз несие беретін компанияның «Zaksha.kz» ресми сайтында: *«Біздің мақсатымыз – жедел түрде ақшаға мұқтаж болған тұтынушыларға көмек көрсету. Біз кепіл, анықтама және кепіл берушісіз бір мезеттік қолма-қол несиелер береміз. «Жылдам ақша» бір мезетте несие беру нарығына бірінші болып келді. Біздің компаниямыз Қазақстан үшін бірегей өнімді нарыққа шығарды – ол 20 минуттық жылдам несие. Біз жылдам несие беру саласындағы халықаралық тәжірибені мұқият зерттеп, Қазақстанның мұқтаждықтары мен ерекшеліктерін ескердік»* деп жазылған. Компанияның қызметі дәл сайттағы сөздердей сенімді ме деген оймен орталықтағы дүкендердің бірінде орнықкан бөлімшеге бас сұғып көрдік. Ішке кіргеннен-ақ байқағанымыз, мұнда да кезек күтіп тұрған адамдар легі. Бұл жердегілердің де әңгімесі сол: бірі баласының оқуын төлей алмай несие алуға келсе, енді бірі құда күту үшін тез арада ақша керек болып тұрғаны дейді. Ал тағы бірінің сөзін есту мұң болды: ол адам кредитін төлеу үшін кредит алуға келген.

ЖИЫРМА ЖАСПЕН алпыс жас аралығындағы тұрақты жұмысы бар адамдар «жылдам ақшадан» айлық табысына қарай 10 мың мен 100 мың теңге аралығындағы несиені ала алады. Бұл соманы он төрт күн аралығында 28 пайыз үстememен қайтару керек. Ал он төрт күннен асып кетсеңіз, күніне тағы үш пайыздан қосылмақ. Сонда бір айға 50 пайыздың үстіне шығып тұр. Ойлап қарасаңыз, үстемелері масқара, халықты таза қанау ғой.

Жоғарыда тілге тиек еткеніміздей, несие беруші әр компанияның жарнамасы жер жарады. Бұл компанияның сайтына да кіргенімізде оқығанымыз сол сарынды сөздер. «Емделуге ақша қажет пе?», «Банктерді аралап табаныңды тоздырдың ба?», «Бізге кел!» – деген жанашырлық кейіпте жазылған жарнамалардан көз сүрінеді. Бірақ, санада: «кепілдіксіз берілетін ақша кепіл бола ала ма?» деген сауал туады.

Американдық жазушы Фаррах Грейд қарыз бен кредит жайлы біржақты жаман пікірде болмау керек депті. Ол қарызды екіге бөліп қарастырады. Біріншісі – жаман қарыз, екіншісі – жақсы қарыз. Айтуынша, «жаман қарыз» деген мақсатсыз алынған, артын ойламай, ешқандай табыс әкелмей жұмсалып кететін қарыз. Ал «жақсы қарыз» туралы ол былайша түсіндірген: *«Таныс жігіті бірде жұмысынан кеш қайтып, үйінде қарапайым қызылды-жасылды ойыншықтарды аяқкиімге жапсырып, қызықтап отырған қыздарын көреді. Оған сонда бір демде осы жобаны іске асырып көрсе қайтеді деген ой келеді. Қарапайым аяқкиімге жылтырақтарды жапсырып көрсе шын мәнінде әдемі екен. Сосын ол дереу үйінің жертөлесінде цех ашады. Әрине, бұл үшін оған қаржы қажет. Ол болса қаржыны түгелдей кредитке алады. Сөйтіп, нақты жоба-жоспарлармен ол нарыққа кереметтей аяқкиім әкеліп қосады. Бұдан кейін ол миллиондаған ақшасына бұл патентті сатады да жібереді. Сөйтіп, уақытында несиесінен құтылып, сосын өзіне де пайда көреді. Міне, бұл «жақсы қарыз»,* – депті. Артынша екеуін сараптаған ғой. Екі образ да несие алды. Бірі пассив табыс, екіншісі актив табыс – яғни, пайда әкелетін өндіріске ақша жұмсайды. Бірі тұңғиыққа батты, екіншісі мол табысқа кенелді. Бұл өте бір қарапайым жол сияқты. Жеңіске жету үшін екінші образ да біраз тәуекелге баруы керек болды: үйін кепілге қойды, егер тауары өтпей қалса, ол үйінен айырылатын еді. Бірақ оның қаржы тереңіне батқан бірінші образға қарағанда ақылы бар. «Себебі, – дейді жазушы, – екеуі де түбі тесілген қайықта отыр. Біріншісі жапа-тармағай қолындағы ыдыспен суды сыртқа төгуге көшсе, екіншісі су қанша жиналып қалса да қайықтың түбі тесілген жерге тығын тықты. Нәтижесінде бірі суға кетсе, екіншісі құтқарылды», – деген. Біздің айтпақ ой да осыны меңзейді. Кредиттен көресіні көріп жүргендердің көбі осы мақсатсыз несие алғандар ма дейсің?!

Жеті жастағы баланың сөзі: *«Анашым, сіз ақшаны банктен аласыз ғой? Ал банктегі ақша қайдан келеді?»* Бұл, бір қарағанда, өте қарапайым сұрақ болып көрінуі мүмкін. Себебі, біз банк дегеніміз ақшаны сақтайтын, беретін және көбейтетін орын екенін жақсы білеміз. Дейтұрғанмен, олар өздері ақшаны қайдан алады? Олардың адал және мінсіз жұмыс істеуін кім қадағалайды? Неліктен ақшаны үйде ұстағаннан гөрі банкте ұстаған дұрыс? Негізі, адамдарға ақшаны арнайы орындарда ұстау туралы идея қайдан келген?

НЕСИЕ ЖАЙЫНДА мақаланы жазуда көкейде жүрген көп сауалымызды арнайы мамандарға қоюды көздеген едік. Алайда, біз барып бас сұққан банктерде қызмет ететіндер нақты бір анықтама беруден бас тартса, енді бірі басшысының жоқтығын сылтауратты, тағы бірі бас кеңсеге хабарласуымызды өтінді. Ұзын сөздің қысқасы, санадағы сансыз сауал жауапсыз қалды.

Біз біреуге ақыл айтудан аулақпыз. Дегенмен, алған несиені еселеп қайтарып, әбігерге түскенше, өзіңіздің отбасылық қаржыңызды үнемдеп өмір сүрген дұрыс па дейсің?! Ал, бұған сіз не дейсіз, көзі қарақты оқырман?!

Осы уақытқа дейін несие алып байып кеттім дегенді құлақ шалмады. Қайта: «Несие несібемді жеп жатыр» деген елдің күңкіл сөзі мен реніші жиіледі. Несие алып, оны қайтара алмай аузы күйгендер: «Осыдан құтылсам, енді несие деген пәлеге жоламаспын» деп ойлайды. Алайда, одан құтылғанымен, дүкеннен бір затты ұната қалса, енді соны қарызға алғысы келіп тұратынын қайтерсің?! Бір сөзбен айтсақ, несие несібені еселемесе де оны алу әдетке айналды.

Сарби ӘЙТЕНОВА
«Jetisý»

18 мамырда елдің сүйіктісі Бейсен ҚҰРАНБЕКТІҢ мәңгілік мекеніне қайтқанына 5 жыл. Осы уақыт ішінде күллі қазақтың сүйіспеншілігіне, ыстық ықыласына бөленген арда азамат туралы көптеген естелік пен кітап жазылды. Адамгершіліктің биігіне көтерілген тұлғаның бауырмалдығы, ізгілігі, журналистикада қалыптастырған өзіндік сүрлеуі, еселі еңбегі көптеп айтылды. Алайда, айкидо өнерінің шебері болғанын көпшілік білген жоқ. Ол туралы өзі де айта қоймайтын. Тек туыстары, жақын жандары мен шәкірттері ғана хабардар еді.

БЕЙСЕН АҒА

Мен Бейсен ағамен 10 жылдан аса араласқұралас болыппын. Бастапқыда бастық пен қатардағы қызметкер ретінде қарым-қатынас орнаттық, кейін өзге жастар сияқты мені де «бауырым» деп жанына жақын тартты. Аға-іні, ұстаз-шәкірт болып сыйластық. Көзі тірісінде ақыл-кеңесін айтып, қамқорлығын аямады. Соңғы 5 жылда тіпті етене жақын араласқан екенбіз. «Айтуға оңайға» шақырып, ток-шоу форматындағы бағдарламада қызмет етуге мүмкіндік берді. Өзі ұйытқы болған көптеген игі шараларға қатыстырды. Кіндік қаны тамған Қызылжар ауылын аралатып, ағайын-туысын көрсетті. Ғұмырының соңғы жылдарында айкидоға баулыды. Сол кезде қалам ұстаған қолымен кездікті, қылышты, таяқты ұршықша иіргенін, жекпе-жекті жетік меңгергенінің куәсі болдық. Жаттығу барысында Бейсен ағамен өзі жақсы көрген жекпе-жек өнері туралы біраз сұхбаттастық.

ҚОЛТАҢБА

Бірде ағам екеуміз «Жетісу» арнасының дәлізінде кездесіп қалдық.

– Батыр, қалайсың? – деп амандық-саулық сұрасқан соң – Шыңғыс, қолың босағанда келіп кетерсің, – деп қысқа қайырып, баспалдақпен көтеріліп кете барды. 10-15 минуттан соң екінші қабаттағы кабинетіне кірсем, жалғыз отыр екен.

– Кел, батыр!

Орнынан көтеріліп, диванға жайғасты. Ойлы көзімен бір қарап алды да: «Батыр, айкидомен шұғылдануға қалай қарайсың?» – деді.

– Шұғылданайық!

– Онда Олжас Байбосынмен бірге кел. Оның да жаттыққысы келіп жүр... Әй, бірақ, сендер де қиналғанда сылтау айтып, қашудың амалын іздерсіңдер. Екі шәкіртім жап-жақсы келе жатыр еді. Қазір қойды. Солар сияқты тастап кетесіңдер ғой, – деп намысымды қамшылай түсті.

Кімдерді меңзеп тұрғанын бірден сезген мен:

– Жоқ, шыдаймыз, – дедім.

– Шыдасаң, мына нәрсені айтайын. «Бір істі бастасаң, шебер деңгейіне дейін жету керек. Орта жолда тастасаң бәрі ұмыт болады. Ал мастер атансаң өмір бойы жадыңда қалады. Ұмыттым дегеннің өзінде сәл шынықсаң есіңе түсіп, бұлшық етің тез шымырланады. Себебі адамда «мышечная память» болады. Апамды білесің ғой, тоқсаннан асқан шағында жамбасын сындырып алды. «Ешкімге масыл болмайын», – деп темірге сүйеніп, алдымен тұрып үйренді. Сосын адымдады. Бұлшық еті шыраңанда қайтадан өзі жүріп-тұратын болды. Бұл – бұлшық етті өмір бойы дамытуға болатынын білдіреді. Солай, батыр... – Сәл кідірістен кейін: – Ертең таңғы алтыда мені үйден алып кетесің, – деп екеуара әңгімені аяқтады.

Содан бастап таңғы 6-да есігінің алдында тұратын болдым. Өйткені, сағат 7-де спорт басқармасының ғимаратында жаттығу басталады.

Ә дегенде айкидоның әдебін түсіндірді. Спортзалға кіріп-шыққанда тағзым етудің, 5 минуттық медитациямен іштей дайындалудың маңыздылығын айтты. Бірер аптадан соң қатарымызға Бейсен ағаның жары Гүлмира тәте мен қызы Жауһар қосылды. Жеңешеміздің ертеректе шұғылданғаны көзге көрініп-ақ тұр. Ал Жауһар енді бастапты. Ол кезде біздің денеміз икемге келіп қалған. Құлау мен аунауды қатырып, жартылай отырып адымдауды қиналмай орындайтын болғанымызда пышақ шабуылынан қорғанатын тәсілге көштік. Оны ағам жетектеп жүріп көрсетті.

– Менің қолтаңбамды білесің ғой?

– Иә!

Ағаның ерекше қолтаңбасы есіме сап ете қалды. Құжатқа қол қойғанда түзу сызықпен бастай келе дөңгелектеп, найзағайдың белгісіндей етіп, соңын тік тартатын. Сол ұзынша сызықтың үстіне латын қарпімен *Beisen Quranbek* деп жазатын.

– Қолтаңба осы әдістің сызбасы. Бұл жауынгерлерге үйрететін айкидоның ең басты әдісі. Тіке тартылған сызық төтесінен төніп келе жатқан қауіп. Дөңгеленген тұсы қатердің бетін қайтарып, шабуылдаушыны өз ырқына көндірудің көрінісі. Найзағай сияқты белгі қарсыласты екпінімен жеке шекараңнан шығарып жіберу дегенді білдіреді. Ешкімге шабуылдамайтын, сөйте тұра, өзгенің күш көрсетуіне жол бермейтін айкидоның түпкі мақсаты, ең маңызды философиясы осы, – деп жаттығу арасындағы қысқа әңгімені түйіндеді.

Жаттығу аяқталып, киім ауыстыру бөлмесіне келгенде Бейсен аға айкидоның философиясы жайлы әңгімені қайта өрбітіп:

– Жаңа көрсеткен әдіс бар ғой, соны мен жұмыс істеу үрдісіме енгізіп алғам. Оның мағынасы былай: түзу сызық – туындаған проблема, ал дөңгелек – мәселені жан-жақты зерттеу, найзағай сияқтысы – жылдам шешім қабылдап, тез арада түйткілді тарқату. Адам күн сайын, тіпті, сағат сайын саналы, бейсаналы түрде нешетүрлі шешім қабылдайды. Оның өмірі сол шешімдердің сапасына байланысты қалыптасады,– деп өз ұстанымын түсіндіріп, аз уақытта көп жұмыс атқаруының құпиясын ашқандай болды.

АЙКИДО ЖОЛЫ

– Басқа шығыс жекпе-жектерден айкидоның айырмашылығы неде, білесің бе?! Кезекті әңгімесін тосыннан сұрақпен бастады. Маңызды нәрсе айтқысы келгені түрінен көрініп тұр. Жаныма жайғасып, бар назармен жауап күтті.

– Білмедім.

– Күштің жұмсақтығында. Айкидо қара күшті жұмсақтықпен еңсереді. Кейбір спортпен қартайғанда шұғылдана алмай қаласың. Өйткені қара күш керек. Ал айкидомен өле өлгенше дамисың. Қауқарың қайтқанша жаттыға аласың. «Қырықтан асқандардың бәріне айкидомен шұғылдану керек», – дейтінім содан.

– Айкидоға қалай келдіңіз?

–Екі жылдық әскери өмірім бар, оған қоса каратэмен шұғылдандым. Сол кезде болмысым өзгере бастағанын түсініп, мінезқұлқыма жақын спорт түрі ретінде айкидоны таптым. Енді айкидоның маған неге ұнағанын айтайын, – деп астыңғы ернін тістеген күйі ойын жинақтап, әңгімесін жалғастырды.

– Айкидода жалаң қолмен жекпе-жекке шығудан бөлек, қылыштасуды, пышақтасуды, таяқпен қорғанып, шабуыл жасауды үйретеді. Жапонның «тантосы» кәдімгі кездік. Қылышы да біздің қайқы қылыштай иілген. Ақ таяқты бұрын әрбір қойшы ұстап жүретін. Түсіндің бе?! Жапондікіндей өнер бізде де болған. Әрбір қазақ қылыштасуды, пышақтасуды, таяқты қару етіп, ұрыс салуды білген. Онсыз мынандай ұланғайыр жерді алып қалу мүмкін емес. Қанымызға сіңген ондай спортты біз жоғалтып алдық, жапондар сақтап қалды. Менің жұмыстағы жеті атамның қатарында айкидоның негізін қалап, әрбір әдісті, бар тәсілді жүйелеген, жекпе-жек ретінде дамытқан, сол арқылы жапонның жауынгерлік өнерін сақтап қалған Морихэй Уэсиба бар. Ұлтқа қызмет етудің озық үлгісі осы.

АЛҒАШҚЫ СПОРТЗАЛ

Әрбір жаттығудан кейін Бейсен аға, Олжас үшеуміз залды жинастыратынбыз. Сондай сәттің бірінде Бейсен аға кезекті әңгімеге тартты.

– Білесің бе, жаттыққан жеріңді жинау айкидоның маңызды бір бөлшегі. Іргетасы қалыптасқан дәстүрлі спорт мектептерінің бәрі ұқыптылыққа үйретеді. Сол арқылы адамды тазалыққа, әр нәрсеге құрметпен қарауға шақырады. Айкидода жаттығатын орын «додзэ» деп аталады. Жастау күнімде Весновканың бойында, Сәтпаев көшесінен жоғары орналасқан мектептің спортзалында тұрдым. Кішірек бөлмесі киімкешек қоятын жатын орным болды. Жұмыстан кейін сол жерде жаттығу жасаймын. Ұстазды жапонша «сэнсэй» дейді. Сэнсэй келгенше додзені жуып, сүртіп, керек-жарақты дайындап қоямын. Оны тап-тұйнақтай етіп ұстадым. Жеңгең екеуміз отау құрғаннан кейін де сол спортзалдың бір бөлмесінде тұрдық. Түсінесің бе, үй емес, пәтер емес, спортзал. Алты айдан соң ғана қос бөлмелі жер үйді жалға алдық. Одан кейін де пәтерден пәтерге көшіп-қонып жүрдік. Астанадан үй алғанша солай болды. Қысқасы, көшіп-қонудан чемпионбыз. Қазір көпшілік мені елге танымал, атақ-абыройы бар, қаржылық тұрғыда тәуелсіз, жағдайын жасаған адам ретінде қабылдайды. Мұндай деңгейге жету үшін біраз еңбек еттік, қиындықтарды да еңсердік. Солай, батыр, – деген Бейсен аға жетістігінің құпиясы еңбекте екенін айтып, отырған жерінен тұрып кете барды.

КРИС МУНИ ТАПСЫРҒАН АТАҚ

Жылдар бойы айкидомен шұғылданса да «мастер» атағын алуға ұмтылмаған Бейсен аға жекпе-жек өнерінің «І-дан иегері» деген сертификатты бертін келе еншіледі. Ол туралы шәкірттері Асқар Құранбек пен Ерлан Ошақбай былай деп еске алады.

– Алматыдағы халықаралық семинарда жаңа әдістерді көрсеткен сэнсэй қатысушыларды аралап, тәсілдің дұрыс орындалуын қадағалап жүрді. Арасында Бейсен ағамен бірге бірнеше әдісті жасады. Семинар аяқталғанда еліміздің әр аймағынан келген айкидо мектебінің өкілдері марапатталды. Рәсім соңында Крис Муни сөз алып, жоспардан тыс тағы бір спортшыға атақ беретінін мәлімдеді. Сөйтті де көпшіліктің ортасынан Бейсен Құранбекті шақыртты. Бәрі таң қалып, қошемет көрсетті. Себебі жиналғандар сэнсэй атаған адам алдыңғы қатардағы мықтының бірі болар деп ойлады. Ал Бейсен аға қарапайым қалпын сақтаған күйі орта тұстан көтерілді. Осылайша ағаның шеберлігін Крис Муни мойындады. Ол айкидоның негізін қалаған Морихэй Уэсибаның төл шәкіртінен тәлім алған 7-дан иегері болатын.

АСҚАҚ РУХ

Айкидо – денені шынықтырумен қатар жан-дүниені күшейтіп, ерік-жігерді нығайтады. Жекпе-жек өнері Бейсен ағаның рухани тұрғыда мықты азамат болып қалыптасуына ықпал еткенімен ата-анадан алған тәлім-тәрбиенің, ағайын-туыс, дос-жаранның, әскери өмірдің, тектілігінің де әсері ерекше. Ағаның шыдамдылығы, сабырлылығы сырқаттанып жатқанда анық көрініс тапты.

Бірде Олжас екеуміз қал сұрай бардық. Алматыдан келген беті екен. Бізді көріп, қуанып қалды. Амандық-саулық сұрап, отбасымызды түгендеп шықты. Ертерек келмегенімізді айтып бір ұялтты да: «Әй, бұларда жұмыс қой», – деп артынша өзі ақтап алды. Сөйтті де «жұмыста не жаңалық?» – деп сөздің ауанын бірден басқа арнаға бұрды.

Телеарнадағы әрбір адамның ғұмыр тарихын, басынан өткенін жақсы білетін Олжас біраз әңгіменің басын қайырды. Жақында болған қызық оқиғаларды айтып, күлдірді. Бейсен аға бір сәтке сырқатын ұмытқандай сергіп қалды. Ұзағынан көсілген Олжас: «Шыңғыс жақында ғана үй алған» – деп сөзін аяқтады.

– Батыр, құтты болсын! Балаларға жақсы болды ғой.

– Иә, балаларды бұрынғыдай 3-бөлімшеден балабақшаға тасымаймыз, мектеп те тиіп тұр.

– Ммм, дұрыс болған екен, – деп Олжас екеумізге бала-шаға тәрбиесіне қатысты біраз ақыл айтты.

– Сіз жазылып шыққан соң Шаған тауынан асып, балалық шағыңыз өткен Қызылжар ауылына дейін атпен барайық, – деп едім, Бейсен ағаның көзінде қуаныш лебі сезіліп, жалт еткен бір ұшқын пайда болды.

– Барайық. Мен де биыл соны ойластырып жүргенмін. Бала күнімдегі жерлерді көріп, Шаған тауының сайы мен жотасын түгел шолып, ары қарай Онжасқа дейін барғым келген. Табиғаты керемет жерлер ғой. Біздің жайлауымыз сол жақта. Ата-бабамның бейіті де сонда жатыр, – деп тоқтады.

Бабалары кеткен жолмен мәңгілік сапарға аттанарын сезді ме, көзін жұмып ұзақ ойға шомды. Олжас аяғын, мен қолын уқалап отырмыз. Бір кезде әңгімесін қайта жалғап: «Өлім деген бір есіктің жабылуы, екіншісінің ашылуы» – деді... Арадағы үнсіздікті тағы да өзі бұзып: «Сендердің алдарыңда кісілер келген, мен біраз демалайын», – деп жатуға ыңғайланды.

– Аға, жақсы, сау болыңыз, тез жазылыңыз, тағы келеміз, – деп қоштасып, үйден дәм татып, шығып кете бардық. Ойда жоқта өлім туралы айтқаны күні бойы есімнен кетпеді. Себебі ел алдында жарқырап жүрген, көпке көмегі тиген, ағалық ақылын аямаған ағаны жамандыққа қимадым. Бізге «мына ауру алмай қоймайды» дегенді білдіргісі келген болар, сол үшін айтқан шығар деп топшыладым. Өйткені сөзі анық, санасы сергек. О дүниеге кететін уақыттың таяп қалғанын біліп-сезіп отырса да ақжарқын қалпынан айнымады. Хал сұрай келгендердің көңілін көтеріп, жігерлендіріп жіберетін әдетінен жаңылмады. Ахілеп-үхілеп күрсінген жоқ. Ағзасын меңдеген ауыр дерттің жанына батқанын да білдірмеді. Ішкі арпалысын саналы түрде басқарып отырды. Сол бір жүздесуде құр сүлдесі қалса да асқақ рухы сынбағаны анық байқалды. Бейсен ағаның бекзат болмысы ажалдың атқан оғына қасқайып қарсы тұрған жаужүрек жауынгердей көрінді.

Шыңғыс ҚАЛИДЕН,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

www.7-su.kz
Jetisu2002@mail.ru

✓ФУТБОЛ

ЖАНКҮЙЕРІН қуантпай тұр

Футболдан ел чемпионатының 8-тур ойындары тамамдалып, турнирлік кестеде айтарлықтай өзгерістер орын алды. «Жетісу» сегіз ойынның төртеуінде жеңіліп, төртеуінде тең түсті. Жеңіссіз жалғасып жатқан ойындар жанкүйерлерге де ұнамасы анық. Чемпионат басталғалы төрт команда әлі жеңіске жете алмай келеді, олар – «Жеңіс» (Астана), «Қайсар» (Қызылорда), «Ұлытау» және «Жетісу».

Самат Сымақов жаттықтыратын команда сегіз ойында тек 2 гол салып (1-тур, «Қызылжар» - 1:1, гол салған – Дмитрий Шмидт; 2-тур, «Оқжетпес» - 1:3, гол – Аслан Ахметов), өз қақпасына 11 гол өткізіп алды. Жалпы жинағаны 4 ұпай. Турнирлік кестеде «Ұлытау» (2 ұпай), «Атырау» (3 ұпай), «Қайсардың» (4 ұпай) алдында 11-орында тұр. Жаттықтырушы Самат Сымақов Шымкентте «Ордабасымен» болған ойыннан кейінгі баспасөз мәслихатында төрешілерге бағыттап айтқан сөздері үшін федерациядан төрт ойынға шеттетілген болатын. Оның орнында алаң жиегінде бапкердің көмекшісі Николай Гавриш тұрды.

«Жетісу» Талдықорғандағы Орталық алаңда тек екі матч қана ойнады (6-тур, «Елімай»; 8-тур, «Оқжетпес»). Оның алдында алаңның дайын болмауына байланысты өз ойындарын Алматыдағы «Хан Тәңірі» алаңында өткізген еді. Әзірге жанкүйерлерін қуанта алған жоқ. Премьер-лигадағы «тәртіпсіз» команда санатындағы «Жетісу» сегіз ойында 21 сары, 1 қызыл қағаз алды. Әр матч сайын тәртіп бұзуын да үдетіп, ескерту қағаздарын да көбейтіп келеді.

Биыл «Жетісу» Премьер-лигадағы өз орнын сақтап қалса, жетістік болайын деп тұр. Бюджет жағынан көп командадан бір бас жоғары. Мәселен, «Телеграм» әлеуметтік желісіндегі «Дядя Ваня» арнасы облыстық бюджеттен «Жетісу» 1,7 миллиард теңге алғанын жазды. Өзге командаларға да тоқталып «Ақтөбеге» (4,2 миллиард теңге), «Ордабасыға» (3,5 миллиард теңге), «Елімайға» (2,7 миллиард теңге), «Қызылжарға» (2 миллиард теңге), «Қайсарға» (1,9 миллиард теңге), «Оқжетпеске» (1,8 миллиард теңге)», «Ұлытауға» (1,4 миллиард теңге), «Тобылға» (1,3 миллиард теңге), «Тұранға» (1,2 миллиард теңге), «Жеңіске» (0,99 миллиард теңге) және «Қайратқа» (0,75 миллиард теңге), демеушілерден тыс жергілікті бюджеттен бөлінген қаражатты ашық жариялады. Ал талдықорғандықтардың жалпы құнын әйгілі «transfermarkt» сайты 2,23 миллион еуро деп көрсеткен. Ең қымбат ойыншысы ресейлік қорғаушы Сослан Такулов (300 мың еуро). Бюджеттен тыс кәсіпкерлердің де демеуін байқауға болады. Жергілікті ойыншылар азайып, сырттан келген, әр маусым сайын клуб ауыстыратындарға толған «Жетісудың» да келесі қадамы қызық.

«Жетісу» келесі ойынын «Атырауымен» сырт алаңда өткізеді.

Дайындаған Серік ҚАНТАЙ

✓ЖҮЗУ

ЖЕТІСУЛЫҚТАР ЖЕҢІМПАЗ

Талдықорғандағы Орта Азияда теңдесі жоқ жүзу бассейні қолданысқа берілгелі талай таланттың томағасын сыпырып, жарыс жолында жақсы нәтиже көрсетуіне мүмкіндік жасап келеді. Осыған дейін облысымыздан санаулы ғана спортшы үздіктер қатарында болса, бүгінде ел чемпионатында мықтылармен иық тірестіре нәтиже көрсетіп, медаль алғандар тізімінде жетісулықтар жиі кездеседі.

Талдықорғанда жүзуден Қазақстан Республикасының жазғы чемпионаты басталды. Електен өтіп ел чемпионатында төрт күн бақ сынап, жақсы нәтиже көрсеткендер – ересектер мен жастар арасындағы әлем чемпионатына қатысады. Бұл жарысқа еліміздің әр өңірінен бөлек Қырғызстаннан да спортшылар келді. Ал Жетісу облысынан 19 спортшы жарыс жолына шығып, күн сайын медаль алғандар тізіміне еніп отырды. Жыл санап көрсеткішін өсіріп, нәтижесін жақсартып, тәжірибесін молайтып келе жатқан жетісулық Аяжан Айнабекова: *«Биыл мен үшін табысты жыл болды. Ашық суда жүзуден Қазақстан құрамасына қабылдандым. Ал кеше 200 метрге еркін жүзуден қола медальға ие болдым. Әлі де жұмыс істеу керек. Бұл нәтижелермен шектеліп қалмасым анық»,* – деді тілдескенімізде. Аяжанның бұл қоласы «Спорт шебері» атағын алуға мүмкіндік сыйлады.

Жарыстың алғашқы күні қыздар арасында 200 метрге еркін жүзуден Мария Федотова (2.08.85) күміс, Аяжан Айнабекова (2.09.26) қола медаль алды. Келесі күні 800 метрге еркін жүзуден Мария (9.24.58) екінші, Аяжан (9.36.69) үшінші келді. Ал 200 метрге еркін жүзуден қыздар арасындағы эстафеталық жарыста жетісулықтар Мария Федотова, Аяжан Айнабекова, Еркежан Берікбол және Саида Елемес 8:47.79 уақытта келіп, алтын алды. Бұл ел чемпионатындағы айтулы жетістік. Екінші болып Алматы қаласының (8:52.83), үшінші болып Қарағанды облысының (9.10.73) шеберлері келді. Жарыстың үшінші күні Жетісу облысының ерлер құрамасы 200 метрге еркін жүзуден қола медаль алды. Бірінші орын Алматы қаласының (7:40.16), екінші орын Шымкент қаласының (7:45.53) спортшыларына бұйырды. Мария Федотова болса үшінші күні 1500 метрге еркін жүзуден (17:58.28) II орын алды. Бірінші болып Дарья Пушко (17:55.34) келді. Үшінші күні ел чемпионатындағы жаңа рекордтың куәсі болдық. Әділбек Мусин 50 метрге баттерфляй әдісімен жүзуден 23:36 уақытында келіп, рекорд жаңартты.

Іріктелген спортшылар ел намысын әлемдік аренада қорғайтын болады. Бас төреші болып жүрген жетісулық Дәурен Ысқақов та жергілікті спортшылардың деңгейі өсіп, мықтылар санатына қосылғанына тоқталып, жетісулықтардан да ұлттық құрама сапына кіретіндер бар екенін мақтанышпен айтты. Жарыс әлі жалғасып жатыр.

✓ЗАҢ және ҚОҒАМ

ҚҰМАР ОЙЫН ҚЫЗМЕТТЕН КЕТІРЕДІ

Елімізде оңай жолмен ақша тауып, құмар ойынға құныққандардың саны күн санап артып келеді. Статистикалық деректерге сүйенсек, «лудомания» дертіне шалдыққандардың саны 350 мыңнан асыпты. Тіркелмегендер қаншама?

Бәс тігіп, түнімен букмекерлік кеңсені торуылдап, уақытын текке өткізіп жатқанның салдарынан қаншама адамның тағдыры тәлкекке түсіп, қаншама шаңырақ шайқалуда. Тіпті бар жиған-тергенін құмар ойынға тігу арқылы бүкіл дүние-мүлкінен айырылғандар да аз емес. Оның арты суицидке апарып соқтырған жағдайлар да жетерлік.

Көріп отырғанымыздай, бұл мәселеге дер кезінде тегеурінді тосқауыл қойылмаса, аталмыш дертке шалдығушылар саны күннен-күнге көбейе түсері анық. Өкінішке қарай, «лудомания» дертіне шалдыққандар бұл жағдайды ауру ретінде мойындамай, әдет ретінде қабылдайды. Ал оның ауру екені медициналық тұрғыда дәлелденген. Сондықтан аталмыш мәселеге қарсы тегеурінді күрес жүргізу қажет.

2026 жылы «лудомания» дертіне шалдыққандардың санын екі есеге қысқарту мақсатында мемлекет есебінен тегін медициналық және психологиялық көмек көрсету орталықтарын ашып, тиісті профилактикалық шараларды қолға алып жатқанын айта кетейік. Егерде балаларыңыздың немесе туан-туыстарыңыздың бойынан құмар ойынға қызығушылықты байқаған жағдайда аталмыш орталықтарға дер кезінде апарып, аурудың алдын алған абзал.

Сондай-ақ, құмар ойынға қатысуға байланысты мемлекеттік қызметкерлерге қойылатын қатаң шектеуге ерекше тоқтала кетуді жөн көрдік. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 12-бабының 1 тармағының 6-тармақшасына сәйкес құзыреттен тыс жерлерде немесе телекоммуникациялық желілер, соның ішінде интернет желісі арқылы өткізілетін құмар ойындарға немесе бәстесулерге қатысу сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер талабына жатады.

Сонымен қатар аталмыш Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзу орын алса мемлекеттік қызметтен босатылады. Сондықтан мемлекеттік қызметте жүрген азаматтар аталмыш шектеулерді назардан тыс қалдырмай, өздері ғана емес, туған-туыстары мен отбасы мүшелерін де сақтандырып жүргендері абзал. Бұған мысал ретінде облыс бойынша мемлекеттік кіріс-тер департаменті «Алтынкөл-жол» кеден бекетіндегі іс-шараларды атап айтуға болады. Кеден бекетінің лауазымды тұлғаларының арасында құмар ойынға қатысудың зардабы мен шектеулері жөнінде сабақтар өткізіліп, тиісті нормативтік-құқықтық актілермен таныстырылды. Тиісті орындарға сұрау салу арқылы тексеру жұмыстары жүргізілді. Тексеру нәтижесінде құмар ойынға қатысқан лауазымды тұлғалар анықталып, тәртіптік жауапкершілікке тартылумен қатар жұмыстан шығарылды. Бұған қоса әр қызметкер жазбаша түрде және «eGov mobile» мобильді қосымшасына өтініш беру арқылы шектеулермен қамтамасыз етілді.

Бекен НҰРАХМЕТОВ,
Жетісу облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті «Алтынкөл-жол» кеден бекеті басшысының орынбасары

Сот шешімін ОРЫНДАМАСАҢ жаза бар

Ата Заңымыз – Конституцияның 76-бабының 3-тармағы және ҚР Азаматтық процестік кодексінің 21-бабына сәйкес соттардың шешімдері, үкімдері мен өзге қаулылары барлық мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен міндетті түрде орындалуы тиіс. Алайда, сот шешімі алынғаннан кейін оның орындалуы өз алдына үлкен шаруа.

Заң бойынша борышкер бес күн ішінде ерікті түрде сот шешімін орындауы тиіс. Ал сот орындаушы екі ай ішінде сот шешімін орындатуы қажет. Бірақ заң талаптарын орындамай жалтарғысы келетіндер жиі кездеседі. Әсіресе жеке тұлғаға қатысты шешімді орындату қиын. Сөзіме дәлел ретінде болған оқиғаны айтып берейін. Көпқабатты үйдің үстіңгі қабатында тұратын тұрғынның бөлмесінен аққан су астындағы көршінің үйін бүлдіріпті. Өз кезегінде пәтері бүлінген азамат сотқа шағымданды. Нәтижесінде сот бір жыл бұрын шағымданушы азаматтың пайдасына 150 мың теңге көлемінде қаржы өндіріп беру туралы үкім шығарды. Алайда борышкер шешімді орындамайды. Осы іс біздің қолымызға түсті. Егжей-тегжейлі тексеру барысында жауапкер азаматтың ол пәтерде тұрмайтыны анықталады. Соған қарамастан борышкерді тауып, шешімді орындаттық. Осы тәрізді қиындықтар сот шешімін орындату кезінде жиі кездеседі. Тіпті, сот орындаушы келгенде есігін ашпайтындар да бар. Соған қарамастан біз істі аяқсыз қалдырмаймыз.

Жалпы соттың шешімін орындамайтын азаматтарға заң бойынша әкімшілік жаза қолданылады. Бірақ мұндай жазаны мемлекеттік сот орындаушылары ғана қолдана алады. Ал жеке сот орындаушылары сот актілерін орындау департаментіне борышкерге шара қолдану туралы ұсыныс жібереді. Заң бойынша сот шешімін орындамаған азаматқа шет елге шығуға тыйым салынады. Сондай-ақ мүлкі тәркіленеді және 180 сағат көлемінде қоғамдық жұмысқа тартылады. Борышкерге сот шешімін орындату оңай шаруа емес. Уақыт пен тер төгуді қажет етеді.

Игорь ЦОЙ,
Жетісу облысы сот орындаушысы

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР

«Достық–Ақтоғай–Мойынты–Жарық–Жезқазған–Сексеуіл–Қандыағаш–Ақтөбе–Илецк (Достық–Мойынты учаскесінің екінші жолдары) т/ж көлік дәлізін жаңғырту үшін пайдаланылатын Жетісу облысының Сарқан (№21, №20, №19, №31А, №31Б) және Алакөл (№17-W, №36-Б, №8-W, №7-W, №20-W, №5-W) аудандарында орналасқан 11 учаскеде кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру кезінде бұзылған жерлерді қалпына келтірудің жұмыс жобасы» бойынша ашық жиналыс әдісімен қоғамдық тыңдаулар өткізіледі:

1)25.06.2025ж., сағат 15.00-де, Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Лепсі к.ә., Лепсі к., Мұқан Төлебаев к-сі, 1-ғимаратында.

2) 26.06.2025 ж., сағат 12.00-де Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Ырғайты а.о., Көктұма а., Х. Бектұров к-сі, 32 «А» мекенжайында.

3) 26.06.2025 ж., сағат 16.00-де, Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Қайнар а.о., Қайнар а., Қабанбай батыр к-сі, 3 мекенжайында.

4) 27.06.2025 ж., сағат 11.00-де Жетісу облысы, Алакөл ауданы, Еңбекші а.о., Еңбекші а., М. Әуезов к-сі, 29-мекенжайында.

Карантин жағдайында қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі.

Онлайн конференцияға сілтеме: https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03C MgTp2oURvw5K5QzTmmVrQHi0TG.1

Конференция идентификаторы: 677 493 52 75

Кіру коды: YZ1mBb

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Integra Construction KZ» ЖШС, БСН 050840000334. Мекенжайы: Ақмола облысы, Астана қаласы, «Есіл» ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 12/1,16. Тел.: +77172695520, email: s.rakishev@inconkz.com.

Әзірлеуші: «Жетісу-Жерқойнауы» ЖШС, БСН: 110440009773. Мекенжайы: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Қаскелең қ., Көшек батыр к-сі, 165. Тел.: +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Жергілікті атқарушы орган: «Жетісу облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел.: +7 (777) 171-90-39. Ресми интернет-ресурс https://ndbecology.gov.kz/ және электрондық мекенжайы 7su_expertiza@mail.ru бойынша мүдделі жұртшылық өздерінің қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша ескертулері мен ұсыныстарын жібере алады.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЯ

Проводятся общественные слушания методом открытого собрания по проекту «Рабочий проект рекультивации земель, при добыче общераспространенных полезных ископаемых на 11 участках, расположенных в Саркандском (№21, №20, №19, №31А, №31Б) и Алакольском (№17-W, №36-Б, №8-W, №7-W, №20-W, №5-W) районах области Жетысу, используемых для модернизации ж/д транспортного коридора Достык–Актогай–Мойынты–Жарык–Жезказган–Саксаульская–Кандыагаш–Актобе–Илецк (вторые пути участка Достык–Мойынты)»:

1) 25.06.2025 г., в 15.00 часов, по адресу: область Жетісу,Саркандский район, Лепсинская п.а., п. Лепсы, ул. Мукан Толебаев, здание 1.

2) 26.06.2025 г., в 12.00 часов, по адресу: область Жетісу, Алакольский район, Ыргайтинский с.о., с. Коктума, ул. Х. Бектуров, 32 «А».

3) 26.06.2025 г., в 16.00 часов, по адресу: область Жетісу, Алакольский район, Кайнарский с.о., с. Кайнар, ул. Кабанбай батыра, 3.

4) 27.06.2025 г., в 11.00 часов, по адресу: область Жетісу, Алакольский район, Енбекшинский с.о., с. Енбекши, ул. М.Ауезов, 29.

В случае карантина общественные слушания будут проводиться в онлайн режиме.

Ссылка на онлайн конференцию: https://us05web.zoom.us/j/6774935275?pwd=d03CMgTp2oURvw5K5QzTmmVrQHi0TG.1

Идентификатор конференции: 677 493 52 75

Код доступа: YZ1mBb

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Integra Construction KZ», БИН 050840000334. Адрес: Акмолинская область, город Астана, район «Есиль», улица Дінмұхамед Қонаев, 12/1, 16. Тел.: +77172695520, email: s.rakishev@inconkz.com.

Разработчик: ТОО «Жетісу-Жерқойнауы», БИН:110440009773. Адрес: Алматинская область, Карасайский район, г. Каскелен, ул. Кошек батыра, 165. Тел.: +77474676274, email: zh.zherkoinauy@mail.ru.

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», тел.:+7 (777) 171-90-39. Официальный интернет-ресурс https://ndbecology.gov.kz/ и электронный адрес 7su_expertiza@mail.ru по которым заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний.

«Жетісу Медиа» МКК мен облыстық «Jetisý» газетінің ұжымдары осы мекеменің комплаенс-офицері Әділет Сұлтанбекке анасы
Жамалхан Тәңірбергенқызы Мамырбекованың
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Жетісу облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

Меншік иесі:
ШЖҚ «Жетісу Медиа» МКК

Басшы:
Шыңғыс БОЗЫМ

Басшының қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Жұматай ӘМІРЕ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 13 ақпанда тіркеліп, № KZ44VPY00064518 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Мекенжайымыз:
Талдықорған қаласы,Жұмахан Балапанов көшесі,28.
Қабылдау бөлмесі — **40-20-64**, жарнама бөлімі — **40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.**
Меншікті тілшілер:
Панфилов ауданы — **8-708-442-43-76**, Сарқан, Ақсу аудандары — **8 701 779 19 38.**
Газет табыс етілмесе — **8 (7282) 30-69-47** телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Серік ҚАНТАЙ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 4 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп,беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі,сенбі күндері қазақ,орыс,ағылшын тілдерінде шығады.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі,32-үйде,"Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 509
«Жетісу Медиа» МКК басылымдарының жалпы таралымы — 10 170, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 6070. Индексі – 65469.

ТҰРЛЫМБЕТТІҢ ТҰҒЫРЫ

САРЫ БИДІҢ ЖЕҢГЕНІ

Жауапты шығарушы Нүсіпбай ӘБДІРАХЫМ

Оқырмандарымыз газетіміздің әзіл-сықақ бұрышына аты берілген Тұрлымбет шешеннің өмірінен хабардар болуы үшін газетіміздің өткен сандарында халық ақыны Қалқа Жапсарбаевтың «Тұрлымбет туралы аңыз» дастанынан үзінділер жариялаған едік. Бүгін сол үрдісті қорытындылап отырмыз.

Кедей мен кембағалға тиіспегенімен қожалар мен молдаларды, билер мен бектерді жемдеп, масқарасын шығарып жүрген Тұрлымбет арада тағы бес-он жыл өткенде аяқ жетер жерде би мен шора бар ма екен деп төңірекке көз тігеді. Сонда оның назарына Сарыүйсін Сары би ілінеді.

Сарыүйсін Сары биді көрген адам
Әрі әділ, әрі дейді екен текті.
Әділдік, адалдығын бір көрсек деп,
Баруға Сары биге көңілі кетті.
Жаяулап бірқатар күн сапар жүріп,
Қонаға Сары биге келіп жетті.
Сәкеңе Түкең келіп сәлем берсе,
Қомсынып тыжырынып менсінбепті.
Шақырып бір жігітін біраздан соң,
Асүйге мына біреу қонсын депті.
«Бай-байға құяр...» деген мақал бар-ды,
Жаяуға қонақасы – көже депті.
«Сай-сайға құяр...» деген рас мақал,
Кедейге кім көрсетер қошеметті.
«Кембағал кедей теңі көже ғой» деп,
Аспапты керегеде тұрған етті.
Қасықты көжедегі ұрлап алып,
Ойлайды сол арада талай кепті.

Сол кезде Тұрлымбет қудың көңілі шаттанып, талай кепті ойлайды. «Сары би деген даңқына әдейі іздеп келіп ем, бұл да елді бай-кедей деп бөледі екен ғой. Киімім жаман болған соң, үйіне жаяу келген соң теңім деп ойламады-ау... Сары би, сені жеңген жерім осы» деп ақсұңқар құстай қырланып үйіне келеді. Келесі күні астына қара ат мініп, шапаннан манат киіп, ішіктен жанат киіп, қасына жақсы киінген екі жолдас ертіп Сары бидің ауылын бетке алып жолға шығады.

Бесін кезінде Сары бидің үйіне ат-тұрманы келіскен үш адам «құдайы қонақпыз» деп түсе қалады. Бұл жолы қонақтарға серке сойылып, алдарына қос қазы, жал мен жая қатар келеді. Астарына жұмсақ көрпе төселіп, жастануға құс жастық беріледі.

Әлденеге жымың ете қалған Тұрлымбет «Құданың берген мінезі ғой, еттен гөрі көжені тәуір көруші ем. Бидай көже болса...» деп қазы-қартаға қол соза қоймайды.

Қонақтың бұл тілегі де орындалып, алдына бір аяқ көже келеді. Сол кезде қонақ: «Нашардың асы бидай көже менікі, жал-жая, қазы-қарта, ақ жамбас, уа, ішігім, сенікі» деп ішігін дастарқанға жақындатып жылы-жұмсақты соған тықпалайды. Аң-таң болып отырып қалған Сары биге жаяу шаршап келгенінде бидай көже ғана бергенін, жақсы киініп келгенде ғана алдына қазы-қарта тартқанын айтып, «жаяу-жалпы келгенде неге мал соймадың?» деп айыбын бетіне басады.

Сары би сонда терледі,
Сөйлеуге аузы келмеді.
Өзі Сары болғалы
Мұндай қонақ көрмеді.
Мұнан бұрын Сарыны
Жоқ еді ешкім жеңгені.
– Негізің кай ел болады,
Жөніңді айтып бер? – деді.
– Руымды сұрасаң Жалайыр деген ел, – деді.
– Жалайыр болсаң, батырым,
Тұрлымбетпісің сен, – деді.
– Жалайырдың ішінде
Руым мырза
Әліке Қожаназар баласы
Тұрлымбетің мен, – деді.
– Тоқтат, батыр, сөзіңді,
Сыртыңнан қу деп естісем,
Көзім көрді өзіңді.
Мен жеңілдім, сен жеңдің,
Сөзіңнің бәрі жөн, – деді.
Сарыүйсіндегі Сары би
Адамзаттың шешені.
Белгілі бидің біреуі,
Үйсіндегі көшелі.
– Мен жеңілдім, сен жеңдің,
Тұрлымбет, батыр, – деседі.

Үй иесі бұлай деген соң бәйбішесі төрдегі қалы кілемді шешіп береді. Түйе бастаған бір тоғыз айыбын тартатынын айтқан Сары би тағы сөз алады.

Сары би сонда сөйлейді:
– Қапыста, батыр, кеп калдың,
Көңіліме тоқтау шек салдың.
Абақ, Тарақ баласы ең,
Қара шалды шепке алдың.
Сары би мен болғалы
Шешендікпен тоқтатып,
Талай би мен бекті алдым.
Жас та болсаң, Тұрлымбет,
Қулықпен сен де көпті алдың.
Қарекеңе қалжыңдап,
Әртүрлі мен де айтушы ем,
Бір сапар, батыр, кекті алдың.
Берекелі нулы өзенге
Рулы ел сыйып қонады.
Арнаулы жүйрік сұңқардың
Өзені сондай болады.
Жүремін десең жол болсын,
Осы сөзімді еске алғын, –

деп шынайы ілтипатын білдіреді. Осылайша Тұрлымбет бұл елге қош айтысып, ауылына абыроймен оралады.

Сары биге қош айтып,
Еліне қайтты Тұрлымбет
Би мен байдан ежелден
Басынан болған алымы.
Қош айтысып Тұрлымбет
Еліне қайтып барады.
Он ұл бопты өзінен
Жалайырда әйткенмен,
Бір кісі бопты балалы.
Кедейменен зауқы жоқ,
Көп тиген байға залалы.
Он ұлы да ержетті,
Оны да болды көрнекті.
Сол уақытта Тұрлымбет
Алпыстан асқан шамалы.
Осы кезде ауырып
Ажалдың келді хабары.

Қамшының сабындай шолт ете қалатын шолақ ғұмырдың таусылуға таяғанын сезген Тұрлымбет қасында иман айтып отырсын деп бір ғұлама молданы алғызады. Тірлігінде біліп-білмей істеген күнәсі, мал табу үшін жасаған азды-көпті қулығы үшін өкінетінін айтып, о дүниеде сұраққа алатын Мүнкір-Нәңкірден құтылатын жол бар ма деген мәселеге алаңдайтынын білдіреді.

Арасында әлі бітіп талықсып кеткен Тұрлымбет есін жиған сәтінде тағы бір қулық ойлайды. Молданы бір қорқытып алайын деп ысылдап барып «Құқ!» деп бас салады. Мұндайды күтпеген молда шалқасынан түсіп, өз-өзінен қысылып жүк астына тығылады. Осылайша Тұрлымбет өлейін деп жатқан кезінде де молданы қорқытып мазақ қылады.

– «Құқ» дегеннен қорқасың,
Кім қол салды қолқаңа?
Қорықтың, молдам, оңбадың,
Сен де иманды болмадың
Оқуың бес қап болса да.
Ақылыңнан танғандай,
Шошынып қорқып қалғандай,
«Шыныңды айт!» деп кім қинап
Алып жатыр ортаға?
Босқа терлеп ұялып
Молда сөзге сынады.
Бетіне киім жапқызып
Тұрлымбет көзін жұмады.
Ажал келсе адамның
Шаруасы тынады.
Кеселі жаман болған соң
Балалары жиылып,
Он ұл басын құрады.
«Ақылыңды айт», – деп сұрады.

Тұрлымбет болса: «Көрмеген, ел баспаған жерге бара жатырмын, ақылдарың болса маған сендер айтыңдар», – деп бұл өтінішке де жауап табады. Әйтсе де соңынан дұрыс сөзге келіп: «Ауызбірлікті болыңдар, оның бірге болсаңдар сендерді ешқандай жау алмайды. Береке-бірліктеріңнен айрылмаңдар, алауыздық сондай береке-бірліктен айырады» деген ақылын айтады. Сөйтіп дүйім қазаққа «Тұрлымбет қу», «Тұрлымбет шешен» деген аты шыққан әйгілі азамат өмірден өтеді.

Тұрлымбет аты шығыпты
Ақыл, айла, өнермен.
Сол ауырған науқастан
Алпыс үш жаста жөнелген.
Артында қалған ұрпағы
Өркендеп өсіп, көгерген.

Тұрлымбеттің бұл сөзі
Ертегі болып бір күнде
Ел аузында жүретін.
Қулық-амал, өнерсіз
Өткізбепті тірлікте
Өмірінің минутын.
Көрден-көрге жүгіртті
Толықсып жатқан бай көрсе,
Қызыл алтай түлкідей
Қыдырды ойдым сай көрсе.
Осыменен тоқтаттым,
Жаза берсем әлі де
Айтылмай қалған сөзі көп,
Естіген адам күлетін.

Үш ғасырдай болыпты
Сол Тұрлымбет өлгелі.
Баспаға бұрын беруге
Кезі мұның келмеді.
Әңгіме болып жүруші ед
Істеген жұмыс өрнегі.
Кезі енді келгенде
Қалайша мұны бермелі.
Қисынсыз болса, сөкпеңдер,
Осы болды Қалқаның
Тілінің күші келгені.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Сарқан ауданының Құрметті азаматы, асқар тау аға, әке, ардақты атамыз **Мұрат Төлеуұлы ТҮСІПОВТІ** мерейлі 70 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Еңбек жолын ел мен жердің игілігіне арнап, мемлекеттік қызметте абыройлы іс атқарған сіз туған өлкенің төрінде өз орнын ойып алған, халқының қадірлі перзентісіз. Парасат-пайымы биік, болмысы бекзат, сөзі мен ісі бір арнада тоғысқан ел ағасына айналдыңыз. Біз үшін ұрпағына бағыт-бағдар берер темірқазық, тұтас әулеттің тірегі, үлкен өмір мектебі бола білдіңіз.

Тәңірім деніңізге саулық, жүрегіңізге қуаныш, шаңырағыңызға шаттық сыйласын! Алдағы ғұмырыңыз шуақты болып, өмір жолыңыз ұлағатқа тола берсін.

Сіз туған қандай сұлу алтын өңір,
Ұлыларды әкелген халқы небір.
Жарқылдап өте шыққан бұл 70 жыл,
Беу, шіркін, о дариға!
Жарқын өмір.

Кімге болсын қарары көңілге аян,
Әйтпегенде жүр талай небір ноян.
Бір кітаптай ең үздік – ғұмырнама,
Бір ғасырға татитын – өмірбаян!

Алланың жаратқаны сүйіп көктен,
Ұлтына, халқына оны ұйытқы еткен!
Алты Алаштың болған ақ перзенті,
Мәртебесі асылдың биік неткен?!

ІЗГІ НИЕТПЕН: ТӨЛЕУ ұрпақтары

ТЕАТР

Тарау-тарау тағдырды кітап арқылы оқып, талайлы өмірді арқалап келе жатқан адамдарды күнделікті көріп жүрсек те «шын бақыт деген не?» деген сұраққа аса мән бермейтін секілдіміз. Қамсыз ішкен астың да қадірін басқа іс түскенде барып біліп жатамыз. Ал денсаулықтың қадірін, он екі мүшең аман күйде жер басып жүрудің нығметін сырқат меңдегенде межелейсің.

ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚТАРДЫ ТӘНТІ ЕТТІ

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ,
«Jetisý»

«Денің сау кезде мың түрлі мәселеге бас ауыртасың, ал бұғанаңнан төмен қарай істемей қалса, бір ғана мәселең болады. Ол – денсаулық...», – дейді Арнұр театр сахнасын жаңғыртып.

Иә, Арнұр атты кейіпкердің өмірі баяндалған «Екі тағдыр – бір өмір» атты автобиографиялық драма жанарға жас ұялатты. Тірліктің мәнін, шын бақыттың не екенін терең түсіндіргендей болды. Денсаулықтың қадірін ұғындырып, жүректегі шүкіршілік деген сезімді оятты.

Қазақтың қажырлы, арманшыл ұлы Арнұр жоғары оқу орнын бітіріп, студенттік кезде танысқан, сүйген аруымен отау құрамын деп жүрген шағында сынақ арқалап қалады. Су ішінде құмыға естілген қыз даусына елеңдеп, құтқармақ болады. Батып бара жатқан бойжеткенге жанұшыра жетпекке талпынады. Сөйтіп суға секірген. Алайда ару ажалына арашашы боламын деп ойлаған азаматтың басы қатты затқа тиіп жұлын омыртқасына зақым келеді. Басы жарылады. Сөйтіп тағдырына тура келген зор зақым мүгедектер арбасына таңады.

Өз еркіңмен жүріп-тұрудан қалсаң, өзгеге күнің қараса бақыттың мәні бар ма?! Байлықтың шарапаты тие ме?! Тірліктегі бар құндылықты мансұқтар мұндарға айналарсың. Арнұр да сөйткен. Төрт ай бұрын ғана арман арқалап, өмірдің ең шуақты жағында бақытты күн кешермін деген. Сүйгені Лаураға сөз салмақшы болған. Алайда, жарымжан атанған соң бәріне лағынет айта бастады. Өзіне қол салмақшы болды...

Мұнар кешкен, тұманда тағдыр өткергендей ажалға иек арта берген шағында өмірге басқаша қарады. Жарық ғаламға деген, әсіресе сүйгені Лаураға деген сезімі жеңді. Сөйтіп, арбаға таңылған күйі арманына беттеді. Арудың ардақты махаббаты оны қапастай қараңғы ойдан алып шықты. Шаңырақ көтерді. Бақытқа бөленді.

Тағы да «иә» деп тебіренеміз. Өмірде осындай шынайы махаббат бар. Ізгілігін жоғалтпаған іңкәр жүрек иелері жетерлік. Астана қаласы әкімдігінің «Қанаттылар» инклюзивті театры сахналаған «Екі тағдыр – бір өмір» автобиографиялық драмасы өмірден алынған. Аталған театрдың басшысы Арнұр Искаков пен зайыбы Лаура Искакованың өмірінен сыр шертті. Жан сүйсінтті ғәм күрсінтті.

Тірліктің, татулықтың, сүйіспеншілік пен денсаулықтың, бақыттың не екенін ұқтырған қойылым жетісулықтарды айрықша тебірентті. Аталған қойылым сахналанған күні баспасөз мәслихаты өтіп, онда гастрольдік сапармен келген «Қанаттылар» инклюзивті театрының құрылу тарихы, мақсаты мен алдағы жоспарлары айтылды.

«Екі тағдыр – бір өмір» автобиографиялық драмасынан бөлек «Үй таңдаған лақ» ертегісі және «Өмір-ғайып» мелодрамасымен Талдықорған қаласына келген өнер ұжымы 14-15 мамыр күндері Бикен Римова атындағы драма театр сахнасында өнер көрсетті. Шынайылық пен рухтың биіктігін паш еткен құрамында еліміздің түкпір-түкпірінен сұрыптап алған ерекше жандар мен кәсіби актерлері бар театр жұртшылық ықыласына бөленді.

– *Театрымыздың мақсаты – мемлекетіміздегі физиологиялық ерекшеліктері бар жандардың талантын ашу, сахна кеңістігінде олардың шығармашылық әлеуетін арттыру, қоғам ұзақ уақыт байқамаған мүмкіндіктерін жүзеге асыруларына түрткі болу. Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған көру, есту қабілеті төмен, тағдыр сынағын арқалаған ерекше жандардың театр шаңырағында басын қосып тұрақты жұмыспен қамтып, өмір мен өнерге деген құштарлығын арттыру,* – деген театр жетекшісі Арнұр Искаков*: – «Гастрольдік сапар шегудегі басты мұратымыз – ерекше қажеттілігі бар жандардың өмірде де, өнерде де орны ерекше екенін көрерменге жеткізу және дәріптеу. Инклюзивті қоғам құрып, мүмкіндігі шектеулі жандардың еңсесін көтеріп, өзге де қалаларда ерекше жандарға арналған өнер ордаларының ашылуына себепкер болу»* – деген ойды атап өтті.

Иә, шындығында Орталық Азияда теңдесі жоқ «Қанаттылар» инклюзивті театры дені сау жандарға да бақыттың не екенін ұқтырғандай болды. Шүкіршілікті арттырды. Шын сүйсінтті. Рухымызды көтерді. 2021 жылы Астана әкімдігінің ұсынуымен «Жастар» театры жанынан бөлім болып құрылып, бүгінде инклюзивті театр биігіне көтерілген өнер ұжымы алдағы уақытта еліміздің түкпір-түкпіріне сапар шегетінін де айта кеткен жөн.